

# П И О Н Е Р




МАРТ

1949 ЖЫЛ

№ 3



## ҚАЗАҚСТАН К(б)П IV СЪЕЗІ



КК(б)П Орталық Комитетінің секретары Ж. Шаяхметов жолдас

Февральдың 25нен 28не дейін Алматы қаласында Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының IV съезі болып өтті.

Қазақстан большевиктерінің IV съезі республикамыздың партия, комсомол ұйымдарының, барлық еңбекшілердің өміріндегі елеулі уақытқа болды. Жұмысшылар да, колхозшылар да, совет жастары да съезге лайықты тартулар әзірлеп, оны өндірістік жаңа табыстармен қарсы алды.

Қазақстан большевиктерінің III съезі 1940 жылы шақырылған болатын. Одан бері тоғыз жыл уақыт өтті. Бұл жылдардың ішінде Совет Одағының және Қазақстанның тұрмысында орасан зор тарихи уақытталар көп болды.

Ж. Шаяхметов жолдас өзінің баяндамасында бұл дәуірді бір-бірінен айырмасы зор үш кезеңге бөлді. Бірінші кезең — бейбітшілік жағдайда бүкіл совет халқының үшінші бесжылдықты орындап шығу жолындағы күрес жылдары еді.

Екінші кезең — фашистік Германияның елімізге опасыздықпен шабуыл жасауынан басталынып, фашистік

Германия мен империалистік Японияның толық талқандалуымен, совет халқының ұлы жеңісімен аяқталды.

Үшінші кезең — соғыс зардабынан күйзелген шаруашылығымызды қалпына келтіру және күшті қарқынмен үздіксіз өркендете беру жолына түскен кезден басталды.

Қазақстан большевиктері әрқашан республика еңбекшілерінің саяси-өндірістік өрлеуіне басшылық етіп, олардың барлық күш-жігерін партия мен ұлы Сталиннің әр кезеңде совет халқы алдына қойған нақтылы міндеттері орындауға жұмылдырып отырды.

Қазір, соғыстан кейінгі дәуірде, Қазақстанның халық шаруашылығы, ғылым мен мәдениеті мықтап өркендеуде.

Республикамыздың өнеркәсібі соғыстан кейінгі бесжылдықтың алғашқы үш жылының жоспарын асырып орындады. 1948 жылы Қазақстанның өнеркәсібі соғысқа дейінгі дәрежесінен 82,6 процент асты.

Республикамыздың ауыл шаруашылығы, оның ішінде негізгі саласы — мал шаруашылығы үнемі өрлеп өсуде. Қазір малдың саны соғысқа дейінгі мөлшерінен 58 процент арттырылды.

Қазақ халқының мәдениеті де шалықтап өсті. Қазақстанда қазір толып жатқан жоғары дәрежелі оқу орындары, техникумдар, мектептер, театрлар бар. 1946 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясы ашылды.

Қазақстан большевиктерінің IV съезі III съезден бергі жердегі қол жеткен табыстарды қорытындылады. Сонымен қатар таяудағы жылдар ішінде істелінетін жұмыстарды, республикамыздың экономикасы мен мәдениетін онан сайын өркендете беруге бағытталған нақтылы шараларды белгіледі.

Съезд республика комсомол ұйымдарының міндеті — жастарды интернационализм рухында, өз отанына шексіз берілгендік рухта тәрбиелеуде партияға белсенді көмек көрсету болып табылады деп атап көрсетті.

Съезд делегаттары совет халқының ұлы көсемі И. В. Сталин жолдасқа жазған хатында:

«Қазақстанның большевиктері қол жеткен табыстарымыз негізінде республикамыздың өндіріс күштерін онан сайын мықтап өркендетуге, ғылым мен мәдениетімізді онан сайын гүлдендіруге өздерінің барлық күші мен жігерін аяпбай жұмсайды» деп уәде берді. Большевиктер екі айтпайды. Демек, Қазақстан большевиктері көсемге берген бұл уәделерін де бұлжытпай орындайды. Отанымыздың күш-қуаты, дәулеті қазіргісінен де арта түседі, республикамыз қазіргісінен де гүлдене түседі.

Съезд Қазақстан КК(б)П Орталық Комитетін сайлады.

# Ана көркі

Ф. ОРМАНОВ



Балаларды қаршадай  
Баулып, анам, өсірдің.  
Шолжыңынан шаршамай,  
Бірге күндер кешірдің.



Бәйтеректей ыргалып,  
Ұл балалар ержетті.  
Бәйшешектей нұрланып,  
Қыз балалар бойжетті.




Ел айбыны көрінген —  
Қару асқан ұл маңғаз.  
Қолынан мөр төгілген —  
Қыздарыңыз өнерпаз.



Көк өрімдер ішінде  
Бейне ұялы бәйтерек,  
Көріп қартаң түсінді,  
Кұшақтаймыз еркелеп.



Ақшыл тартқан шашыңды  
Искейміз, сүйеміз.  
Аяп қартаң жасыңды,  
Басымызды иеміз.



Алатаудай көркіңе  
Жарасып тұр жұлдызың.  
Ай мен күнің секілді  
Айналаңда ұл, қызың!





# СЫН

ӘНГІМЕ

С. САРҒАСҚАЕВ

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

Аға лейтенант Құрманов Ғалидың дем алысқа келетін хабары мектепке тезде тарады. Самай шапына ақ кіріп өгде тартқан мұғалімдерден бастап, жанарында жалын бар, албырт бетті ұландарға дейін қуанышта еді.

Бүгін мектеп іші күндегіге қарағанда абыр-дабыр, у-шу. Әрлі-берлі салпырылысқан балалар кластан класқа жүгіріп, әлде неге асығуда.

Мектепте бұл хабар төбіретпенен бір ғана адам бар. Ол—Саят. Саят мектепке келген бетінде класқа кіріп, өз партасына отырды. Күндегідей сабақ арасындағы үзілістерде ойынға бұл араласқан жоқ. Ақшыл жүзі бір қуарып, бір қызарып, ұзын қара кіршіктерінің арасындағы өткір қара кезін алдында жатқан бір жапырақ қағазға тігіп, қадалған да қалған.

Оның серіктері мұның әдеттегіден өзгеше түрін көріп, бір-екі жолдас «бүгін неге реніштісің?» дегенде жауап қалпаған. Осының өзінен-ақ олар, Саяттың көңілінде шешілмеген әлде нендей сырдың түйіні бар екенін аңғарған.

Оның сыр ашысып, шешіле сөйлесетін адамы — пионер вожатыйы Гүлнәр Мұсаева. Достары Саят туралы Гүлнәрге барып айтуға ұйғарған еді.

Гүлнәр жоғарғы класта оқыйтын. Ол Саятпен жастайынан-ақ өте тату болатын. Оқуда үздік әрі тәртіпті Саяттың оқудағы табысына сүйсініп, ақылып да айтып тұратын. Саят — мектепте аты шығып жүрген бала. Ол пионерлер арасындағы мергендер үйірмесінің басқарушысы және звено вожатыйы. Оның звеносы — озат звено.

Құрмановты Саят әшейінде аузынан тастамай мақтанышпен айтатын. Оның келуін асыға да күткен. Енді бүгін, оның келетін хабары естілгенде, Саяттың өзгеруі Гүлнәр үшін жұмбақ еді.

«Бүгін пионерлер жыйыны. Онда хұрметті қонақты қарсы алу жөнінде Саят сөйлеу керек. Ал, ол болса мына қалыпта көрінеді. Жоқ білу керек!» деп ойлады Гүлнәр, дем алыс кезінде Саят оқыйтын класқа келе жатып.

Гүлнәр есікті ашқанда кластағы балалардың барлығы тысқа шығып кетіпті. Алдыңғы партادا бірдеңені шұқылап отырған Саятты көрді. Саят мұны да көріп қалды білем, алул-құпыл бір жапырақ қағазды қалта-

сына сала салды, қызарып төмен қараған қалыпта орнынан тұрды.

— Не істеп отырсың, Саят? — деді Гүлнәр.

— Жәй әшейін, — деді Саят партадан көзін алмастан.

— Бір жерің ауыра ма?

— Жоқ. Еш жерім ауырмайды, — деді де, ол үнсіз отыра қалды.

— Саят! — деді Гүлнәр оның қасына отырып. — Бүгін отряд жыйыны. Анау күні саған айтып ем ғой. Дайындалдың ба?

— Өзімде соны ойлаған ем. Бірақ келеді деген хабары ойда жоқ жерден болып қалды. Бұлай тез келеді деп ойламап ем. Бүгінгі жыйында № 3 звеноның вожатыйы Алтай сөйлесе қайтеді? — деп, ол Гүлнәрге өтінішті көзбен қарады.

Бұл сөздің мәнісін түсіне алмаған Гүлнәр:

— Неге? — деп қадала қарай қалды. Мұны көрген Саят онан әрі қысылды. Күмілжіп әр сылтауды айтқанмен, адамның ішін сезуге үйренген Гүлнәр, оған шынын айтқызбай қоймады. Оның бүгінгі сыр түйіні мынау еді.

Құрманов Ғалиды Саят жақсы біледі. Ол бір кезде осы Саят оқып жүрген мектепте оқып, ол да пионер болыпты. Әлі есінде, соғыстың алғашқы жылғы бір күні далада ойнап жүрген Саятты Ғали шақырып алып:

— Інішек, мен саған жақсы бір кітап әкелдім. Тыңдайсың ба, оқып берейін? — деген еді. Бұл сөзді естіп қуанып кеткен Саят, тыңдауға ықыласын білдірген. Ол кітап А. Гайдардың «Тимур және оның командасы» еді. Кейін соғысқа кетерде ол сол кітапты Саятқа сыйлаған. Саят оны еш уақытта жанынан тастамады. Талай рет оқып шықты. Және өзін Тимурмын деп ойлайтын да.

Ана жылы, соғыс жылы, оны жолдастарымен қосылып оқып шығып, осы өз колхозында жас тимуршылар командасын ұйымдастырушы да Саят болатын. Ол мектепте жас атқыштар үйірмесіне қатысып, өзіне атақты мерген жерлесі Құрмановтай болып шығамын деп талап қойған. Ол сертінде орындап шықты. Қазір Саят мектептегі таңдаулы жас атқыш, ол отрядта атқыш-нұсқаушы.

Осыдан бір ай бұрын ол Құрмановқа жазған хатында, осыларды айтқан еді. Оған көп ұзамай-ақ жауап та келген болатын.

«Сенің және достарыңның табысына ризамын, — депті ол хатында, — Менен оларға жауынгерлік сәлем. Үзбей хабарласып тұрыңдар.

#### Қуанышты ағаң ҒАЛИ».

Бірақ, бүгінгі хабарға Саят та ерекше қуанса да, оның күдігі де бар еді. Соңғы кезде, Саяттың звеносына жаңа келген екі пионер оқудан да, атудан да басқаларға қатарласа алмай келе жатыр. «Егер олар ертең бүкіл отрядты артта қалдырса қайтемін?» деген ой оны бүгін жегідей жеуде. Звено емес-ау, бүкіл отрядтың жауапкершілігі оның мойнында тұрғандай. Сол екі пионердің әлі күнге артта қалып келе жатқанына өзін кінәлі санады Саят. «Бұрыннан бері неғып ескермедім екен?» деп қынжылды да.

Жаңа Гүлнәр келгенде, ол осы ой үстінде отыр еді.

— Рас, бұл ескерерлік іс екен. Сен оған қынжылма, бүгін жыйында кеңеселік, — деді Гүлнәр. — Енді сенің жыйында айтатын сөзіңді қарап шығалық, — деп Гүлнәр Саяттың қалтасынан ларта үстіне қойған қағазына тесіле түсті.

Класқа келіп кірген балалар ол екеуінің көңілді, қуанышты түрде дабырласып жатқанын көрді.

...Лаулап жанған костердің оты, айналасын күндізгідей жап-жарық етіп тұр. Соның төңірегіне отырған балалардың қуанышы костерден жарық, нұрлы сыяқты. Ортада тұрған Саят қыза сөйлеп, отырғандарды шолып қояды. Балаларда үн жоқ, барлығы да ұйып тыңдауда.

— Аз-ақ күн қалды: Ол күн — біз үшін елеулі күн. Біріншіден, алғашқы емтихан, екіншіден хұрметті қонақтың келуі де біз үшін сын. Менімше, Мақан мен Мұсаны бәріміз қамқорлығымызға алуымыз керек, — деп сөзін аяқтады. Отырғандарда шулап қостай жөнелді.

— Дұрыс!

— Мақан, сен біздікіне кел, сабаққа бірге әзірленейік!

— Мұса, ертең атудан кешікпе!..

Мұны қатар тұрған Гүлнәр мен Саят естіп тұр. Екеуіне де ортақ қуаныш бар еді. Ол — достық, қамқорлық қуанышы еді. Пионерлер уәделі сөз берді. Пионер сөзі — қашанда берік сөз. Көп қолға алса, тынбайтын іс жоқ. Ендеше, Мақан мен Мұса қатарға қосылды...

— Атуға әзірлендік! — деді қаз қатар жатқан балалар.

— Атыңдар! — деп бұйрық берді ұзын бойлы, ашық жүзді, қысық қара көзді офицер. Бұл Құрманов Ғали еді.

Оның жүзі күлімдеп, алдағы тұрған нысананы бақылауда. Кеше ол келе салысымен-ақ бір топ пионерлер оны мектепке шақырған. Олардың араларында Саят та бар еді. Өзі кеткенде кішкентай баланың өсіп, күнге



күйіп шыныққан келбетін көріп қуанған ол, шақыруды қабыл алған. Мана, таң ертең, сынаққа қатысып отырғанда, ол, Саяттың тырнақты жауабына ішінен риза болған.

Мектеп ол кеткеннен бері өзгеріп, көріктене түсіпті. Айналасы көкпенбек. Ағаштар отырғызылып, гүлдер егілген. Мұның бәрін көрген Ғали түстен кейін «Жұмысым бар» деп қайтбақ болып еді, оны қоршаған балалар болмады.

— Атуымызды көріңіз.

— Сыныңыздан өтейік.

— Кемістігін айтыңыз, — деп қолқа салған. Соның бірі — Саят.

Шынында да Саят үшін бүгін үлкен бір сын өді.

Ғалидың ризалық білдіруі оны қатты қуандырған. Сын минуты жетті.

— Атып біттік! — деген хабарды естіген Ғали:

— Нысанаға! — деп бұйырды.

Жапа-тармағай жүгірген балалардан озып нысанасына бірінші жеткен Саят. Осы бір қас пен көздің арасында оның ойы сан алпарыстан өтті. Қуаныш пен іреніш сезімі жарысқа түсті. Бәріне де керегі бір түйін. Ол — нәтиже. Бүгін қобалжып, көп көздемей-ақ атқан. Берік қол, сенімді жүрек, өткір көзге түскен бұл сын — ол үшін ауыр сын еді.

Артын ала нысанаға жеткен Ғали, шеткі Саяттың нысанасына бұрылды. «Көрдіңіз бе, Сіздің ініңіздің атқанын» дегендей Саяттың жүзі жайраң қағады. Жақын келіп санап, Саят дөңгелек нысананың ортасындағы кілең ондыққа тиген оқтың орнын көрді. Рас па дегендей ол тағы үніліп еді. Көзі айнытпапты, рас! Басқалары да нысанаға дәл тигізіпті. 40 тап кемі жоқ.

— Жарайсыңдар! — деді Ғали сапта тұрған пионерлерге — сендердің мен демей, біз деп істеген бірлікті істеріңнің жемісін көріп отырмын. Қатты қуанамын! Оқыңдар! Үйреніңдер!

# Бұл да сабақ

Қ. ҰЯБАЕВ

## БІР ХАТЕЛІК

Сәулесі жайнаған  
Жарқырап жанды шам.  
Ой кернеп өн бойын  
Отырды Құбажан.

Дәптерін алды да,  
Қойды ол алдына,  
Бір ашып, бір жапты  
Жай таппай жанына.

Болмады төзуге  
Ыза боп өзіне,  
«Бес» пен «үш» қатар кеп  
Көрінді көзіне.

— «Үш» деген немене,  
Жеткізбес кемелге.  
«Беске» не пар келер,—  
Дейді ол, — теңеуге.

Өмірі Құбажан  
Қабағын шытпаған.  
Оған не ал бүгін  
Толғанып ой салған.

«Сенем деп Сәлімге,  
Сенбей өз әліме,  
Сыбырын тыңдадым  
Мазак боп бәріне».

Деп өзі-өзінен,  
От шашып көзінен  
Ашты ол жан сырын  
Осы бір сөзімен.

## ЗАЛДА

Кездесіп Сәлімге  
Айтты бір әңгіме:  
— Доғар, сен, сыбырды  
Түсін де мәніне.

Дос-ақпыз, сырласта,  
Араздық жоқ баста.  
Ұялттың сен мені  
Сыбырлап класта.

«Үш» алдым, «бес» қайда?  
Үштіктен не пайда?

Жаңылттың сабақтан  
Осың да жарай ма...

Бес жылдай «бестен» мен,  
Кем алып көрмегем.  
Солдағы достық па,  
Түсірдің «үшке» сен.

Осымен бітті наз,  
Көңілге туды жаз.  
Қоңырау қағылды,  
Дегендей: «Болма араз!»

## КЛАСТА

Мұғалім орнына  
Отырып болды да,  
Сабағын бастады,  
Класты шолды да.

— Кеше сен жаңылған  
Шығарсың, Құбажан.  
Оқышы не еді,  
Тапсырма үйге алған.—

Деді, ұстаз мейірмен,  
Шәкірт жоқ керілген.  
Орындап кеп еді  
Борышын зейінмен.

Оқыды, талдады.  
Еш қапы қалмады.  
«Үш» кетті жайына,  
«Бес» болды алғаны.

Есепті, тілді де,  
Басқа да білімге  
Құмартқан Құбажан  
Тереңнен білуге.



Ұстаз тұр боп аң-таң  
Шәкіртке «бес» алған.  
Кетті ойы сұрауға  
Сабақтың артынан.

Сағатта жоқ тыным,  
Тездетті жылжуын.  
Пайдаға асырдық  
Минуттың әрбірін.

Жадырап қабағы —  
Айтқан соң жаңаны.  
Тақырып тамам боп,  
Бітті бұл сабағы.

— Сөйлеші, Құбажан!  
Балалар саған таң,  
Себебін кешегі  
«Үш» алған сабақтан.

Сәлімге бір қарап,  
Толғанып азырақ,  
Қозғады Құбажан  
Ортаға сырын сап:

— Отырған жанымда,  
Тең көрген жаныма  
Жолдастың көмегі  
Дақ салды арыма.


## ОРАЛҒАН ДОСТЫҚ

Сұраған сырды ұстаз,  
Жасырар жоқ ылаж.  
Сәлімге әзірше  
Осыда болмас аз.

Өн бойы қайнаған  
От болды жалма-жан.  
Кінәсі өзінде,  
Өкпе жоқ сөз болған.

Қырындық арадан  
Кетті де, қайтадан  
Дос болып бір отыр,  
Бөлінбей партадан.

Қарағым Құбажан,  
Бір күш бар бізге тән:  
Сынал да, сынай біл —  
Өмірде бұл бір заң.



## ОТАНЫМЫЗДЫ ГҮЛ-БАҚШАҒА БӨЛЕЙІК!

Балалар, сендердің көбің былтыр Отанымызды гүл-бақшаға бөлеу жолында көп еңбектендіңдер. Қазақстан Лениншіл Коммунист Жастар Одағының Орталық Комитеті жас бақшашылардың 1948 жылғы конкурсының қортындысын шығарды. Өткен жылғы конкурса 153.335 пионерлер мен оқушылар қатысты. Бұл жылы мектеп коллективтері, балалар үйі және пионерлер мен оқушылар болып 546.662 жай ағаш, 668.596 жиде-жеміс бұталарын, 186.489 жеміс ағаштарын отырғызды.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті өткен жылғы конкурса пионерлер мен оқушылардың көпшілігі қатысқанымен, конкурс шартын толығымен орындап шыққандардың саны онша көп болмағанын анықтады. Сонымен Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті жас бақшашылардың бүкілодақтық конкурсына қатысуды быйыл тағы жариялады.

Конкурса мектеп, балалар үйі, үйірмелер мен жас натуралистер станциялары, сол сыяқты жеке пионерлер мен оқушылар да қатыса алады. Конкурса қатысушылар өсімдікті және ара шаруашылығын мектеп, балалар үйі, жас натуралистер учаскелерінде, колхоз-совхоз бауларында, үй іргесіндегі учаскелерде өсіруіне болады.

Конкурстың бір немесе бірнеше тарауларын орындағандар наградаға ұсынылады.

Конкурстың шарты бойынша бау-бақша өсіруші әрбір оқушы кемінде 3 жеміс ағашын, 10 жемісті бұта немесе 100 түп жиде бұталарын отырғызып, жақсы жетілдіруге тиіс. Бұл жұмыста жерді тыңайту, зиянды жәндіктерді құрту, агротехниканы дұрыс қолдана білу шарт. Конкурс шарты мұнымен қоса жеке жастардың конкурса қатысуы үшін бау-бақша өсіру жөнінен бірнеше қосымша тармақтар көрсеткен. Солардың бірін толық орындап шыққан оқушы конкурса қатыса алады.

Шарт балалардың гүл және сәнді өсімдіктерді көптеп өсіруіне жол береді. Бұл үшін әрбір пионер гүлді, сәнді өсімдіктерді өсіруге хажет 50 грамм ірі немесе 25 грамм ұсақ гүл өсімдіктері тұқымын жыйнауға тиіс.

Бір ара семьясын күтіп, оның өмірін зерттеген, оларды өсіруді үйрен-

ген оқушы да конкурса қатыса алады.

Конкурса мектептер мен балалар үйлерінің қатысуына болады. Мектептер мен балалар үйлерінің конкурса қатысу үшін, кем дегенде 30 жеміс ағашы немесе 150 түп қарақат бұтасы болуы шарт. Осы айтылған өсімдіктерді дұрыс күтіп, оған агротехниканы дұрыс қолдана білген және жас жеміс ағаштарын ойдағыдай өсіріп, олардан мол өнім ала білген мектептер мен балалар үйі конкурса қатысады. Шарттың мектептер мен балалар үйін конкурса қатыстыруға арнаған көп тараулары бар. Шарттың қай тарауы болсын, сол көрсетілген тараудағы жұмыстың бәрі дұрыс және тыңғылықты жүргізілуін талап етеді. Сондықтан шарттың бір тарауын өзіне икемдеген мектеп пен балалар үйі, оны ақырына дейін шарт талабына сай жүргізуі керек. Сонда ғана олар ойлаған нысанаға жетеді.

Мұнымен қабат конкурс шарты мектептер мен балалар үйлерінің гүл және сәнді өсімдіктерді өсірумен көбірек шұғылдануын көздейді. Әр мектеп, балалар үйі гүл өсіретін арнаулы учасок мүйістерін немесе алаңдар ұйымдастырып, осы жерлерге гүл өсімдіктерін өсіруге тиіс.

Мектептер мен балалар үйі ара шаруашылығын да жақсы өркендетеді алады. Сол үшін коллективтердің алдына бірнеше талаптар қойылған. Әсіресе, омарта ұйымдастырудың, ондағы ара семьяларының өмірін зерттеу жұмыстарының маңнасы зор. Осы арқылы оқушыларды ара шаруашылығымен таныстыруға және оны өсіру жолдарын үйретуге болады.

Конкурс жас натуралистер үйірмелерінің алдына да бірнеше шарт қойды. Ол шарттар жас натуралистер үйірмелерінің бау-бақша, ара шаруашылығын, гүл өсіруді өркендетуді көздейді.

Балалар, жас бақшашылардың конкурсына көптеп қатысуға әзірленіңдер. Бұл біздің сүйікті Отанымыздың гүл-бақшаға бөлеудің басты шараларының бірі. Жас бақшашылардың бүкілодақтық конкурсына жаппай қатысу арқылы еліміздің байлығын арттыра берейік, Отанымызды қазіргісінен де көріктендіре түсейік!

# Пионер гектары

## 1. Мичуриншілер бөлмесі

Менің жолдасым — «Социалистік Қазақстан» колхозының председатели Қасым Жантөрин жол бойы бірнеше рет көлікті тоқтатып, шанадан түсті. Соңсоң жер бетін жапқан қалың қармен омбылай өтіп, егіс даласына барды.

— Қараңызшы, мынау араның қарын жел қуып кетіпті. Бұған қарағанда, пионерлер бұл араға әлі жетпеген тәрізді.

— Бұл жерге пионерлердің қандай қатысы бар? — деп сұрадым мен одап.

Қасым Жантөрин Талдықорғаннан «Социалистік Қазақстан» колхозына жеткенше, өз колхозындағы пионерлердің пайдалы ісі туралы, дружина советінің председатели Ілияс Баймұрзин мен оның достары Хафиз Жұмабаев, Хамзе Мұхаметғалиев жөнінде көп әңгіме айтты. Оның әрбір сөзінде әлгі пионерлерге деген сүйіспеншіліктің, олардың ісіне риза болғандықтың нышаны білініп тұрды.

— Сіз колхозға барғанда, мектепке кіре кетіңіз, жас мичуриншілер бөлмесінде болыңыз, мүмкін Ілияс Баймұрзин де содан табылар, — деді ол кісі, маған.

Колхозға да келіп жеттік. Біз мектепке қарай жүрдік. Қасым Жантөрин мені тар коридордың бойымен көп бөлмеге алып келді. Бөлмеде белі қынай буылғап бір бау тұрды.

— Міне біздің пионерлердің шаруашылығы, — деді Қасым күліп. — Мұнда Ілияс бар ма?

Үстіне сұр пешпент киіп, мойнына қызыл галстук таққан бір бала есік ашты. Оның қолында бір уыс дән бар.

Бала колхоз председатели Қасымды танный кетті де, іліп сәлем берді.

— Кіріңіздер! 10 минуттан кейін агротехникалық үйірмеміздің сабағы басталады. Мынау көрнекі құралымыз, — деді бала, қолындағы бір уыс дәнді көрсетіп.

Председатель бауды нұсқап:

— Мынау да көрнекі құрал ма? — деді жылы шырай бере.

— Әрине, бұл ең басты көрнекі құралымыз. Бізде агротехникалық үйірме жұмыс істейді. Үйірме сабағында Хамзе званосының жұмыс тәжірибесі ортаға салынады, одан қортынды шығарылады. Егістік жерді күтіп-баптау, және басқа тақырыптарға лекция оқылады. Үйірмеге балалар көп қатысады. Кейде агрономдар мен мұғалімдер де келіп, өздерінің ағалық ақылдарын айтады, үйірме жұмысына басшылық етеді.

Біз уақытымызды осы бөлмеде ғана өткізбейміз.

Қыс екеніне қарамастан, егіс даласына да барып тұрамыз. Ертең — жексембі, дем алыю. Егіс басына барамыз. Егер қаласаңыздар, келіп көрулеріңізге болады.

## 2. Егіс басында

Алыстан ағарып пионер учаскесінің бірі көрінеді. Онда ағаш отырғызылып, қар тоқтататын кедергілер орнатылған.

Балалардың арасынан бір көлік бөлініп, бізге қарай беттеді. Көлікте Хафиз Жұмабаев пен Ілияс Баймұрзин отырды. Олар шанаға артқан ағаш бұталарын жан-жаққа жайып болып, бізге келді.

— Біздің жерде қар тоқтату оңай емес, — деді Ілияс бізге қарап, — қысты күні ысқаяқ желдер соғып, қар біткенді қуып әкетеді. Мұнда қар тоқтату үшін қалқан сыяқты материал керек. Біз осы материалды қайдан алуды көп ойладық. Сонда бір бала: ерманды аралап қурап қалған ағаштарды, бұтақтарды жыйнап әкеліп, егіс даласына төсеуді ұсынды. Мұның өзі, біріншіден, қар тоқтатуға керек болса, екіншіден, орман іші тазаланып, ондағы ағаштардың жақсы өсуіне мүмкіндік берді.

Біз балалар үйіп тастаған ағаштың қасына келдік. Ағаштың айналасында аяз сорып қызарған беттерін қысқы күн сәулесіне төсеіп, бір топ балалар отырды. Олардың жанында балта, күрек, шана, тағы басқа аспаптар жатты. Ал, кей балалар ағаштарды бір-біріне айқастыра салып, шарбақ тоқып жатыр.

— Хамзе қайда? — деп сұрады колхоз председатели Қасым, олардан.

— Күздікте. Қасында 15 шақты бала бар, қардап аққала соғып жүр.

— Біз қазір сонда барамыз. Мүмкін бізбен бірге жүрерсіздер, — деді ұзын бойлы талдырмаш келген Ораз Балтырапов.

Бірнеше адам шанаға мініп, жолға шықтық. Балалар жолшыбай өлең айтты. Өлең бастаушы — Ораз. Оның ашық, әдемі даусын балалар іліп әкетеді.

Әнің әуеніне елтіп отырып, біз екінші учаскеге қалай жеткенімізді білмей қалдық. Бізге қарсы бір топ бала шықты. Бұл Хамзе Мұхаметғалиевтің званосы еді. Олар өз учаскесінде аққала соғып жүрген болатын. Таудай-таудай болып үйілген ақ қар — олардың бүгінгі жұмысының жемісі еді.

— Бір күнде осынша қарды үйіп үлгердіңдер ме? — деді Қасым таңданып.

— Я, несі бар, аға? — деді Хамзе.

— Мынау — үлкендердің өздері өздері істей алатын іс ғой.



— Бізге жұмысты осылай істеуді пионер вожатыйымыз Қадыр Мұсабеков үйретті, — деді Хамзе тағы.

— Шарбақ тоқуды да үйреткен сол, — десті балалар.

Председатель балаларға қарап:

— Жарайды, балалар, жетер. Енді шанаға мініп, ауылға қайтыңдар. Сабаққа әзірленіңдер. Барлық уақыттарыңды жұмысқа бөліп, сабаққа үлгермей жүрмеңдер.

— Мичуриншілер артта қалмас болар. Біздің үйір-мемізге тек сабақты отлучно және жақсы оқытын оқушы ғана мүше бола алады. — деді Хамзе.

### 3. Қадыр үлкен іс ашқарады

Ауылға келгеннен кейін Қасым Қадырды іздеді. Біз жіңішке соқпақпен жүріп отырып, үлкен сарайға беттедік. Оның қасында тұрған машина, молотилка, лобогрейка, арба, соқа-саймандар бұл сарайдың ұста дүкені екенін айтпай-ақ танытып тұр. Ұста дүкеніне кіріп келгенімізде, біздің көзімізге үлкен көрік және қызған темірден шашыраған ұшқын көрінді. Председатель маған қарап:

— Танысып қойыңыз, мынау біздің колхоздың ең таңдаулы ұстасы — Владимир Васильевич Вдохин. Ал, мынау — Қадыр Мұсабеков. Оның қасындағылар..

Төрт-бес бала машинаның сынған, бүлінген бөлшектеріп, темірдің кесінділерін әкеліп, жапым тұрған отқа салды, одан оны үлкен қысқашпен қысып алып, төске салды. Оны бірі үлкен балғамен ұрып жалты.

Дем алыс кезінде Қадыр өзінің мұнда не істеп жүргендігін баяндады.

...Күзді күні Қадыр өзінің бір топ жолдастарымен осы ұста дүкеніне келіпті. Алғашқы кезде колхоз ұстасы Владимир Васильевич олардың келгенін жақтырмапты.

— Немене, тексеруге келдіңдер ме? — депті ол балаларға көкстіп.

— Жоқ, ата, сізге көмектесуге келдік.

— Сендер маған кедергі жасағаннан басқа, не көмек көрсетуші едіңдер?

— Олай деменіз, ата, біз сіздің айтқаныңыздың бәрін істейміз, — деді Қадыр.

— Жүріңдер, ендеше, — деді Владимир Васильевич, — мен сендерге жұмыс тауып берейін.

Владимир Васильевич балаларды өртіп, көп машинаның арасына барды. Оларды машина және оның бөлшектерімен таныстырды. Балалардың не істейтіндігін айтты.

Сол күні балалар Қадырдың басшылығымен күні бойы машиналарды, тырмаларды, соқа-саймандарды бөлшектеп, олардың винттерін, бөлшектерін бөліп



алып, Владимир Васильевичке әкеліп беріп тұрды. Оның көрігін басысып, қысқашпен ұстасып, балғасын ұрысты.

Балалар өзінің вожатыйымен бірге бір аптадан аса ұста дүкенінде болды. Балалардың іскерлігіне, еңбек сүйгіштігіне толық сенген Владимир Васильевич оларға қыйын жұмыстарды да жүктей бастады. Балалар оны үнемі тындыра орындап отырды. Осы алты күннің ішінде 100 тырма, 7 екі тісті соқа, 4 ат сеялкасы, 5 трактор соқасы, 6 трактор сеялкасы жөнделді.

Қадырдың сырына қаныған председатель:

— Жарайсың, Қадыр, сен үлкен іс істепсің. Отыңа ағалық рахмет айтамыз, — деді.

Қадыр ұялып төмен қарады. Қасым оның арқасынан қақты.

### 4. Егіс шпабы

Күндізгі сағат 3 те пионер дружинасының жыйыны ашылды. Жыйынға барлық пионерлер қатысты. Оның ішінде қар тоқтатушылар да, көң төгушілер де, күл жыйнаушылар да, ұста дүкенінде соқа-сайман жөндесушілер де, жас мичуриншілер үйірмесіне қатысушылар да—барлығы да болды.

Жыйында дружина советінің председатели:

— Балалар, біз қазір көктемгі егіске әзірміз. Бұл жөнінде біз көп еңбек еттік. Қар тоқтатып, көң төттік, соқа-сайман жөндестік. Бірақ бұлардың барлығы да үлкен істің бастамасы ғана. Егіннен мол өнім алу—оңай іс емес. Оның үстіне қазір біздің қарамағымызда бұрынғыдай 2 ғана гектар емес, 5 гектар егіс бар. Сондықтан да біз оған аса қатты көңіл бөлуіміз керек. Мұның үшін әркім өз міндетін жақсы біліп, оны ұқыпты орындайтын болсын. Мысалы, Хамзе, сен көктем егісінің бірінші күні не істемексің? Қане, соны қазір балаларға айтшы! — деді.

Хамзе солдаттарша орнынан шапшаң тік тұрып, жауап берді:

— Мен жер жыртамын.

— Өзіңе бөлініп берілген көліктерді білесің бе?

— Білемін. Қазір өзім оларды күтіп жүрмін.

— Сөйтіп, сен егіске әзірсің. Ал, басқаларың ше?

— Әзірміз! Әзірміз! — деген дауыстар әр жерден шығып жатты.

Дружина жыйынының жұмысы қыза түсті...

Балалар көктемнің жұмыс жоспарын жасап жатыр. Бұл бөлме-шабуылға шығушы армияның жауынгер штабы сияқты. Өздерінің қарулы күштерін майдан даласына дұрыс орналастырып, дәл бөліп, тек «алға!» деген бұйрықты күткендей.

П. АРКАДЬЕВ.

## АҚЫННЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Жаз. Москваның кең көшесін бойлап бір әйел келе жатыр. Қасында ерткен томар денелі, тұйық мінезді, бұйра шашты баласы бар. Баланың жүрісі тым керенау, аяғын санап басады. Өзінің бұл қылығымен ол шешесін ренжітіп келе жатқанға ұқсайды. Шешесі әбден зерікті білем, бір кезде баланы кейін қалдырып, озып жүре берді. Бала бұған ешбір мыңқ етпестен, көшенің пақ ортасына жайланып отырып, демін алды. Көшедегі жұрт баланы ажуалап, күлкі етті. Бала көп күлкісіне төзбеді, қабағын шытып:

— Ыржаңдайтындай ешнәрсе болған жоқ! — деді. Сөйтті де ол орнынан ақырын тұрып, өз жөніне жүріп кетті.

Бұл бала кішкентай Сапа Пушкин еді. Ол кішкентай кезінде-ақ сөзге сараң, тұйық мінезімен қатар, осындай өткір, тауып айтқыш та болған.

Александр Сергеевич Пушкин 1799 жылы, ескіпте майдың 26-да, жаңаша июньнің 6-да, Москва қаласында туды. Әкесі Сергей Львович ескі дворян тұқымынан шыққан, бар өмірі қонақта болу, қонақ шақырумен, той-думалмен өткен бай помещик еді. Ол шаруамен ешбір шұғылданбаған адам, сондай-ақ бала бағын, бала тәрбиелемеген адам. Демек, Александр Сергеевич ата-ана тәрбиесіп көрмей өседі. Шешесі Надежда Осиповна да балаларын үрсу-зекуден басқа аналық мейімі түсіп, әлпештеп, маңдайынан сыйпамаған әйел. Кішкентай Сапаның ең жақын досы, ыстық көретін адамы — нағашы шешесі Мария Алексеевна болған. Бала өз шешесінен таяқ жесе, әжесінің бауырына барып тығылатын. Сондай-ақ Пушкинді әлдилеп, өз ұялыдай еркеметін өсірген адам — оның күтуші кемпірі Арина Родионовна болды. Балашақ ұлы ақын бесік жырыш, халқының асыл ертегілерін тұңғыш рет сол кісінің аузынан естиді.

Есейген сайын Пушкиннің тұйық мінезі қалып, албырт, өткір мінезді бола бастайды. Ол кішкентайынан орыс, француз тілін қатар үйренеді. Пушкин сабаққа ұқыпсыздау болады. Әсіресе, математиканы жаратпайды. Жаратпағандықтан да емес-ау, арифметиканың төрт амалын, оның ішінде бөлу амалын игеру Пушкинге өте қыйынға соғады. Мұғалім берген есепті шығара алмай, ыза болғандықтан, — жылайтын кездері де болған.

Алайда Пушкин кітап оқуға ерте бастан-ақ құмартады. Әкесінің бай кітапханасына үрланып кіріп кет-



тіп, бірнеше сағат бойы кітап оқып отыратын болады. Сегізге қарағанда-ақ Александр Сергеевич француз тілінде өлең жаза бастайды. Ол француздың атақты драматургы Мольерге еліктеп, «Ұры» деген күлкілі пьеса жазады. Үй ішінен сахна құрып, өзі және құрбыластары артист болып, ол пьесаны ойнап шығады. Бірақ, пьеса «көрүшілерге» (көрүші ақынның апасы Ольга ғана болады) ұнамайды. Бұл жөнінде Пушкин өзіне арнап мынадай бір ауыз өлең жазған:

Жұрт «Ұрыны» көргенде

Себебі не шулаған?

Амал жоқ айтпай, мен оны

Мольерден үрлағам!

1811 жылы Петербургтің түбіндегі Патша селосында (қазіргі Пушкин қаласында) Лицей деп аталатын жаңа мектеп ашылды. Мұнда игі жақсылардың балалары оқыйтын болады. Александр Сергеевич 1811 жылы 12 жасында осы мектепке түседі.

Пушкин лицейде өзін тым емін-еркін ұстайды. Бетің-жүзің демей ол жолдастарының мінді мінезін сынап-мінеп, өткір сөзбен түйреп отырады. Кей жолдастары тілінің ащылығы үшін Пушкинді жек көреді. Бірақ Пушкин балалармен шын достаса білетін еді, оның өте жақсы көретін достары да көп болды. Олар: Иван Пушкин (кейіннен декабрист болған), Антон Дельвиг (кейіннен ақын болған) т. б.

Оқуға түскеннен кейін бір жылдан соң мұғалімдері Пушкинге мынадай мінездеме береді:

«Бойына біткен дарыны негізді деуден гөрі жарқырауық деуге тура келеді, ақымы терең деуден гөрі албырт, пәзігірек деуге тура келеді. Оңай сабақтарға қабілеттілік көрсетеді, сондықтан жалпы ұғымпаздығы шамалы... өте ұқынсыз... өткір сөзділік тауып, айтқыштығы бар, бірақ онысының көбі құр сөз боп шығады... жеңілтек».

Үстірт қараған және өзін білмеген адамдардың бәріне Пушкин өле-өлгенше осындай әсер қалдырып өтті. Ал, дұрысына келсек, ол лицейде оқыған жылдарында көп оқып, көп үйренеді, көп толғанып, көп жұмыс істеді. Оның алғашқы өлеңдерін оқып баға берушілердің өзі-ақ: шарықтап ұшуға қос қанатын қомдап отырған жас қыран, деп санаған.

Александр Сергеевич Пушкин лицейдің төменгі классында оқып жүрген кезде, 1812 жылғы Отан соғысы болды. Қаһарман орыс халқы басына хауштің қара

бұлтты төнгенде, қайысу дегенді білмеді. Орыс жеріне баса-көктеп кірген Наполеон әскерлері ұлы халықтың тегеурініне шыдай алмай, маңдайы тасқа тиіп кейін қашты.

Жатжерліктерге қарсы күресте көзге көрінген халық жасағының тасқын күші, қаулаған патриоттық сезім оты Пушкинді терең толғандырады. Отан соғысы бала көңілінде Отанға деген саналы сүйіспеншілік сезімін тудырады. Сол сезім оты ақын жанынан өле-өлгенше өшкен емес!

Лицей мектебі Пушкинге татымды білім берген жоқ. Бірақта, ол ақындығымен күн санап жұрт көзіне түсе бастайды. Пушкиннің ақындығына Жуковский, Карамзин сыяқты көрнекті ақын-жазушылар назарын аударады, ақыл береді, ол Петербургтегі «Арзамас» атты әдебиет қоғамына кіреді, оның жұмысына қызу атсалысады. Лицей жылдарында Пушкиннің ой-өрісінің өсін, білімінің артуына ықпалын тигізген адамның бірі — П. Я. Чаадаев болды. Чаадаев өз заманындағы асқан білімді, ақылды адам еді. Бір жолдасының ай-

туынша, Пушкинге лицейден гөрі Чаадаев көп білім берген.

1815 жылдың 15 январы. Бүгін лицей мектебінің төменгі класс шәкірттері жоғары класқа көшу үшін айық емтихан тапсырмақ. Емтиханға жұрт көп жыйналды. Қонақтардың ішінде орыстың сол замандағы әйгілі ақыны Державин қарт та бар еді. Емтихан үстінде шаршап, қалғып отырған қарт орыс әдебиетінен сұрала бастағанда, шыйрап кетеді. Пушкин Державиннен екі қадам жерде тұрып, қарт жырауға еліктөп жазған «Патша селосын еске алу» деген өлеңін оқып береді. Өлең жұртқа өте ұнайды. Державин де бала ақынның өлеңіне риза болады, көңілі босап көзіне жас алады. Бетінен сүймек боп, ол ұмтылғанда, Пушкин ұялып қашып кетеді.

Сонда қарт жырау:

— Міне, Державиннің орнын басатын ұл! — деп дауыстапты.

Пушкин тек Державиннің орнын басып қана қоймады, одан асып түсті. Ол орыс халқының данышпан сүйікті ақыны болды.

Т. ТӨГІСОВ.



## ПОЛТАВА

(Поэмадан үзінді)

А. С ПУШКИН

А. С. Пушкиннің „Полтава“ атты поэмасы 1828 жылы жазылған. Бұл поэма Бірінші Петрдің 1709 жылы Швеция королы Карл XII-ге қарсы жүргізген Полтава соғысын суреттейді. Бұл соғыста Петр бастаған орыс қолы Украина үшін күресіп, шетел шапқыншыларынан орыс мемлекетінің бір тұтастығын сақтап қалды. Бұл соғыс жөнінде Ф. Энгельс өзінің „Орыс царизмінің сыртқы саясаты“ деген еңбегінде былай дейді: „Карл XII—Россияға басып кіруге ұмтылды, ол осы басып кіру әрекетімен Швецияны мерт қылды және Россияның мықтылығын әлемге көрсетті“.

А. С. Пушкиннің туғанына 150 жыл толу мерекесі қарсаңында жаңа аударылған сол „Полтава“ поэмасынан үзінді басып отырмыз.

Бұл үзіндіде орыс әскерлерінің қоян-қолтық ұрыста швед әскерлерін жеңіп шыққаны, масқараланған король Карл XII-нің және Петрге opisыздық жасап, жау жағына шығып кеткен гетман Мазепаның Турцияға қашып бара жатқаны суреттеледі.

Көк ала, кең алапта, түтін толқып,  
Екі қол ұстасты кеп қоян-қолтық.  
Басталды ұлы айқасы Полтаваның!  
От нөсер құйып үстен, жалдап жалың,  
Үйіле құлаған қол үстін басып,  
Жаңа күш жатты айқасып, найзаласып.  
Атты әскер ауыр бұлттай түскен жерге  
Айқасып, аласұрған сергелдеңде,  
Шыңылдап қылыш даусы бір тынбастан  
Екі жақ кескілесе қырғын ашқан.  
Шарқ ұрып шойын шарлар, қырып-жойып,  
Тепсіне түскен жерін түседі ойып,

Кетеді шоршып-қарғып, домаланып,  
Шорылдап шомып қанға, зәрені алып.  
Түйрескен, тілгілескен швед пен орыс.  
Ақыра қаһарланған қатал соғыс.  
Соғылған барабандар, айқай сүрең,  
Ышқынған, алас ұрған, дүркіреген,  
Бір жақтан зеңбіректер қаһар шашқан,  
Ғаламат ажал-дозақ араласқан.

\* \* \*

Үрейлі, алас ұрған бұл толқында  
Таялып тұрсадағы жан алқымға,  
Саспаған сабырлы өңшең көсемдер бар,

Қырғынның қызығына болған құмар,  
 Топшылап өлерін де, жеңерін де  
 Майданның оңашалау бір жерінде  
 Айқасты сырттан аңдып тұрды олар,  
 Сабырмен ақыл-кеңес құрды олар.  
 Москваның патшасына келіп таяу,  
 Ақ шашты жауынгер кім тұрған анау?  
 Теңселіп ішкі намыс толқынынан,  
 Сүйеген екі казак қолтығынан,  
 Көп көрген кереметті батырға ұсап,  
 Тулаған қанды айқасқа тұр ол көз сап.  
 Қазір ол міне алмайды атқа қарғып,  
 Қажыған, қуғын-сүргін оны зар қып,  
 Есітіп Палей даусын салған аттан  
 Ағылмас казактар да тұс-тұс жақтан,  
 Бірақта жалт етті оның көзі неге?  
 Орнады кәрі жүзге ашу-түнек,  
 Көзіне әлде жауы көріне ме,  
 Тулады не себептен салқын жүрек?  
 Түтіннің қара қошқыл арасынан  
 Көрдіме Мазепаны — қаса жауын.  
 Айырып қарттық шіркін шамасынан,  
 Жүрегін жасыта ма, шағып тауын?

\* \* \*

Бүлікшіл бір топ казак арасында,  
 Жақыны, басшы, қосшы—бәрі осында,  
 Мазепа тұрды суық, ойға батып,  
 Қырғынның қыймылдарын көзбен атып.  
 Атылды мылтық кенет. Жалт қарады ол.  
 Қолында Войнаровский шиті мылтық  
 Тұр екен түтінденіп, — атыпты сол,  
 Жас казак жатты сұлап, қаны кілкіп;  
 Сабылып ақ көбік боп, шаңға батқан  
 Жөнелді тулап, мөңкіп, аты үркіп.  
 Долдана екі көзден жалын атқан,  
 Жас казак бұзып-жарып тұрған қолды,  
 Үйіріп сом қылышын оңды-солды,  
 Гетманға\*) ұмтылды да жете алмады.  
 Нендей гәп, не ойы бар екен тағы, —  
 Білмекке келді Гетман, қойды сауал;  
 Жас казак барады өліп, үңілді шал;  
 Жанары сөніп бара жатсадағы  
 Россия дұшпанына кәрленуде,  
 Әлсіреп, қаны судай ақсадағы,

\*) Гетман — Украинаның бас билеушісі, Мазепа



Бишара тырысады әлденуге,  
 «Мария» — деген сөзді зорға айтып,  
 Мәңгілік сапарына кетті қайтып...

\* \* \*

Жақын-ақ, жақын қалды жеңіс енді,  
 Ура! Біз бұзып жардық, шведтер ықты.  
 Құтты сәт! Құтты сағат, бәрекелді!  
 Тағы бір шақырдық күш, — дұшпан жытты.  
 Жөнелді қуып ала атты әскерлер,  
 Майрылды кесе-кесе көк семсерлер,  
 Шегіртке қара бұлт боп көшкеніндей,  
 Қыйсапсыз, қалды өліктер жер көрінбей.

\* \* \*

Бастады Петр тойын. Шат-шадыман,  
 Көзінде оты ойнады абыройдың.  
 Салтанат, той дегенің аспас бұдан.  
 Ғажайып көркі болып осы тойдың,  
 Отыр ол ортадағы шатырында,  
 Қонақ қып алысын да, жақынын да,  
 Сыйлайды ол, әзіл айтып тұтқыйылда,  
 Қадірлі, қолға түскен тұтқынын да,

\* \* \*

Бас қонақ қайда, бірақ, шақырылған?  
 Қашаңғы долы тентек жынын қағып,  
 Полтава жеңімпазы пақыр қылған  
 Қаһарлы ұстазымыз қалды нағып?  
 Мазепа қайда бүгін? Қайда зұлым  
 Сұмырай қашты қайда, зәресі ұшып.  
 Отырмайды король неге тойда бүгін?  
 Жатпайды азғын неге жерді құшып?

\* \* \*

Жалаңаш жазық дала елсіз жермен  
 Король мен Гетманымыз барад жытып.  
 Бұларға сый-сыбаға дағдыр берген,  
 Екеуін осылайша бір қаңғыртып.  
 Соңынан қуған қатер, іштегі ыза  
 Корольге күш беріпті, қыза-қыза  
 Умытып кетіпті ол жарасын да,  
 Көзінің үрей ойнап шарасында,  
 Тұқырып, қашып қуған орыстардан,  
 Сүріне-қабына аты қарғып ордан,  
 Барады королымыз тайғақ жолда,  
 Ілесіп нөкерлері арттан зорға.

Аударған Қ. АМАНЖОЛОВ.

А. С. ПУШКИН

## АНЧАР

(Улы ағаш)

Кұнарсыз қу жапанда,  
 Күн шыжыған құмда бір,  
 Күзетшідей жаһанға,  
 Асқақтаған анчар тұр.

Оны түтек шөл дала  
 Кекті күні туғызған.  
 Өлі бұтақ тамырына  
 Сусын ғып у құйғызған.

Шамқай түсте тамшылап,  
 Қабығынан у аққан.  
 Күн батқанда, ал, бірақ,  
 Қарамайдай у қатқан.

Күс та оған қонбайды,  
 Жоламайды жолбарыс.

Тек қара жер зулайды,  
 У алып одан жолға алыс.

Қаңғып келіп көктен бұлт  
 Жапырағына жауса егер —  
 Жанған құмға ол бүркіп  
 Бұтағынан у себер.

Мырза құлын жіберді,  
 Қаһарлы бір ой салып.  
 Ертең қайтып ол келді  
 Улы бұтақ қолға алып.

Ол әкелді улаған  
 Жапырағы бар бұтақты.

Ал жүзінен қуарған  
 Саулап суық тер ақты.

Сорлы сол құл келді де,  
 Әлі бітіп жығылды.  
 Әміршісін көрді де,  
 Мәңгі көзі жұмылды.

Құйды князь сол уды  
 Бағынышты садаққа.  
 Улы оқпен атып жіберді  
 Ол апатты жан-жаққа.

Аударған Қалижан БЕҚХОЖИН.

## ЛЕНИН — СТАЛИН КОМСОМОЛЫНЫҢ ХІ СЪЕЗІ

Совет жастарының алдыңғы қатарлы тобының басын қосып, ұйымдастырып отырған төрт орденді Ленин—Сталин комсомолы өзінің анасы — Отанымыздың беріліп қызмет етуімен, большевиктік ұлы ісін жүзеге асыру жолындағы жаңқырлық күресімен, бүкіл халқымыздың хұрметіне бөленіп, сүйіспеншілігіне ие болды.

Комсомолдың барлық жауынгерлік жолы мен тарихы большевиктік партияның тарихымен тығыз байланысты. Партия комсомолды бесіктегі күнінен бастап тәрбиеледі, әкелік қамқорлықпен мәшелеп өсірді. Комсомол өзінің өткен отыз жыл өмірінің ішінде еңбек пен күресте, талас пен тартыста шыңдалып өсті, ержетті. Қазір комсомол 9 миллион алдыңғы қатарлы совет жастарының басын біріктіріп, партиямыздың шын мәнісінде жауынгер көмекшісі және резерві болып отыр.

Осы жылғы марттың 29-да Москвада Ленин—Сталин комсомолының ХІ съезі ашылады.

Комсомолдың Х съезінен бері он екі жылдан астам уақыт өтті. Осы дәуірдің ішінде елімізбен бірге комсомол да талай тарихи кезеңдерді басынап көшірді.

Сталиндік бесжылдықтар ішінде Ленин—Сталин комсомолы сан жағынан да, жұмыс істеу қабілеті жағынан да өсіп жетілді. Комсомолдар мен жастар еңбекте коммунизм құрылысшыларының алдыңғы сапында болды.

1936 жылғы апрельде Ленин — Сталин комсомолының Х съезі шақырылды. Съезд Сталин жолдастың тікелей басшылығымен жазылған БЛКЖОның жаңа программасы мен уставын қабылдады.

Совет халқының бейбіт еңбегін Ұлы Отан соғысы бұзды. Совет жастарының тамаша қасиеттері, олардың өз Отанын шексіз сүйетіндігі неміс-фашист басқыншыларына қарсы жүргізілген Отан соғысы жылдарында айқын көрінді. Жүз мыңдаған комсомолдар мен жастар комсомол активінің бастауымен майданға аттанды. Комсомолдар өздерінің үлкен ағалары коммунистермен бірге майданның ең қауіпті және жауапты учаскелерінде ұрыс жүргізді. Партия ұйымдарының басшылығымен жау тылында партизан отрядтарында болған комсомолдар ерлік істерімен өшпес даңққа бөленді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында комсомол баулып ұшырған түлектер Александр Матросов, Зоя Космодемьянская, Лиза Чайкина, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Төлеген Тоқтаров, 28 панфиловшылар, Краснодар батырлары өз Отанын, большевиктік партияны сүюдің тамаша үлгілерін көрсетті. Отан соғысы кезінде 3,5 мың

комсомолдар жауынгер Совет Одағы Батыры атағын алды, 3,5 миллион комсомолдар Совет Одағы ордендарымен, медальдарымен наградталды. Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлік еңбегі үшін Ленин комсомолы үшінші орденмен — Ленин орденімен наградталды.

Отан соғысы аяқталды. Совет халқы соғыста бүліншілікке ұшыраған шаруашылықты қалпына келтіруге жұмыла кірісті.

Соғыстан кейінгі бесжылдық жоспарды төрт жылда орындау ұраны ауыл-село жастарын да тегісінен қамтыды. Өткен жылы ауыл-село жастарымыз бүкіл қолхозшы шаруалармен бірге мол өнім алу үшін табынды күрес жүргізді. Мұның нәтижесінде үш жүз екі комсомолдар мен жастар Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Әлденеше мыңдаған комсомолдар мен жастар ордендармен, медальдармен наградталды.

Ленин—Сталин комсомолының ХІ съезі басқа мәселелермен қатар мектеп жөнінде мәселе қарайды. Осының өзі — партиямыз бен үкметіміздің, балалардың сүйікті досы Сталин жолдастың балаларға деген әкелік қамқорлығының айқын бір бейнесі.

Жуықта комсомол өзінің 30 жылдығын тойлады. Той күндері еліміздің барлық комсомол, жастары көсеміміз Сталин жолдасқа: «Барлық жастарды келешекте де большевиктік партияға, Отанымызға, Сталин жолдас, Сізге шексіз сүйіспеншілік және шын берілгендік рухта тәрбиелейміз» деп серт берген болатын, комсомол бұл сертін де мүлтіксіз орындайтындығы сөзсіз.



Алматыдағы Пионер сарайының жанында суретшілер үйірмесі бар. Оған 36 оқушы қатысады. Суретте: үйірме мүшелері жетекші Н. А. Луферчиктің басқаруымен БЛКЖО-ның ХІ съезіне арнап сурет салып отыр.



А. КАЛАМБЕКОВ

Мектепте өгілегін пәндердің бірі—география. Ол басқа физика, математика, химия, тарих пәндері сыяқты, негізгі пәндердің бірі болып саналады. Географияны білмейінше адам баласы өзі өмір сүрген ортасын—туған жерін, өскен елін білмейді, көршілес мемлекеттердің де жаратылыс жағдайы мен қоғамдық құрылысынан хабары болмайды. Ал бұларды білмейінше адам баласының дүниеде өмір сүруі әрі қыйын, әрі мағынасыз болар еді.

География ғылымының өмірде алатын орны зор. Бұл туралы 1937 жылы 10 сентябрьде «Правда» газеті өзінің басмақаласында былай деп жазды:

«Географиядай данқты және қызғылықты ғылымды табу қыйын. География жасарға (тек жасарға ғана емес) тамаша елімізді танытады, өз Отанын сүйе сезімін дамытады, дүние жүзінің басқа елдерімен таныстырады, олардың жаратылыс жағдайын, саяси және экономикалық құрылыстарын білуге көмектеседі. Өрбір мәдениетті адам, демек әрбір совет адамы Отанның географиясын оқуға, оны өте жақсы білуге міндетті, сол сыяқты капиталистік елдердің географиясын білуі керек».

География гректің «гео»—жер, «графия»—жазу, сызу деген сөзінен шыққан. Ертедегі гректер өздерінің жер туралы барлық мәліметтері мен түсініктерін география деп атаған. Бертін келе жердің формасы мен құрылысы, елдердің жағдайы мен тұрмысы туралы ғылымды география деп аталы. Міне осыдан бастап география өз алдына жеке ғылым ретінде кең дамып бастады.

Біздің елімізде география ерте заманнан-ақ жұртшылығымыздың сүйікті ғылымына айналды. XII ғасырдың өзінде-ақ Киевте құрастырылған «Нестор шежіресінде» ескі Русь мемлекеті жерінің жаратылысы, оны мекен еткен орыс рулары мен тұқымдары және оның көрші халықтары туралы аса бағалы мәліметтер жазылған. Бұдан былайғы уақыттарда да география ғылымы кең дамып берді.

Басқа елдермен салыстырғанда және басқа ғылымдарға қарағанда, география ғылымы біздің елімізде өте өскен ғылым, орыс халқының ұлы жиһанкездері мен ержүрек саяхатшылары дүние жүзілік география ғылымына үлкен үлес қосты. Европа мен Азияның бүкіл солтүстік жағаларын картаға біріппі рет түсірген орыс теңізшілері деуге болады. XVIII ғасырдың алғашқы жартысында орыс саяхатшылары солтүстік

Сибирьде терең ғылыми зерттеулер жүргізді. Солтүстік Мұз мұхитының картасына қарасаңдар, Лаптев теңізі Челюскин мүйісі, Проннищев биігі деген жер аттарын кездестіресіңдер. Мұның барлығы да сол жерлерді тапқан орыс адамдарының атымен аталған.

Ломоносовтың айтқанындай-ақ арада 60—70 жыл өткен соң-ақ орыс халқының жиһанкездері Тынық мұхитта көптеген аралдарды тапты. Қазір ол аралдар ұлы орыс адамдары: Суворов, Кутузов, Румянцев тағы басқалардың аттарымен аталады.

Орталық Азияның ұлан-байтақ далаларып тексеріп, картаға түсіруге де Орыстың Географиялық Қоғамы аса зор еңбектер етті. Азия материгінің дәл ортасында орыс саяхатшылары ашқан бірнеше таулар, биіктер, төбелер бар. Қазір олар Орыс қыраты, Пржевальский биігі, Семенов—Тянь-Шань тауы, Семенов шыңы деп аталады.

Сол сыяқты, орыс саяхатшысы Семен Дежнев Азия мен Американы білетін күйылысты бірінші рет тауып, Солтүстік Мұз мұхитынан Тынық мұхитқа баратын су жолын ашты. Григорий Истома Европаның солтүстік жағаларын ағылшындардан әлдеқайда бұрын аралап шықты. Дәл казак-орысы Ермак Тимофеевич Сибирьге барған орыс экспедициясын бастады. Камчатка, Сахалин, Куриль аралдарын да орыс адамдары тауып, картаға түсірді.

Керек десеңіз, Антарктида материгінің өзін де орыс теңізшілері ашты.

Орыс халқының ұлы жиһанкездері мен саяхатшылары: Семенов—Тяньшанский, Пржевальский, Кропоткин, Миклуха-Маклай, Козлов, Воековтың есімдері дүние жүзіне мәлім.

Қазақ халқының тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов та үлкен географ адам еді. Ол Орыстың Географиялық Қоғамының мүшесі болды, бұл қоғамға айта қаларлықтай үлес қосты. 1858-1859 жылдары ол Қазақар, Құлжа, Шығыс Түркістан далаларына саяхат жасады. Бұл елдердің жаратылысы, тарихы, этнографиясы, шаруашылығы және саяси жағдайы жөнінде аса бай материал жыйнады. Бұл жөнінде ол «Алты шаһардың жағдайы», «Жонгария очерктері» деген атақты еңбектерін жазды. Шоқан бұдан басқа да Қытай, Орта Азия, әсіресе қазақ халқының тарихы, жер жағдайы жөнінде аса бағалы пікірлер айтты.

Совет өкметі тұсында біздің елімізде география ғылымы барынша кең дамыды. Әсіресе, осы уақытқа

дейін адам жүріп, аяқ баспаған Арктика терең зерттелді. Бұл жөнінде челюскиншілер мен папаниншілер аса күрделі жұмыстар істеді. Солтүстік Жер архипелагы картаға түсірілді. Сибирьдің солтүстік жағалауы арқылы Тынық мұхитқа теңіз жолы ашылды.

Жаңа жер табу, оны картаға түсіріп, жаратылыс жағдайын зерттеп, ауа райын бақылап, өсімдіктері мен жәндіктерін тексеріп білу-оңай іс емес. Ол үшін қажымас қайрат, қажырды еңбек, сарқылмас білім керек. Міне, осы қасиеттер орыс адамдарының бойынан табыла білді.

Балалар, география ғылымы тек кітап бетінде жазылмай, карта бетінде де көрсетіледі. Сондықтан географияны жақсы білу үшін картаны да жақсы білу керек. Өйткені карта—географияның тілі. Картаны жақсы білген адам, кітапқа карамай-ақ, картаға қарап тұрып, қай елдің қай жерде тұрғандығын, онда қандай тау, өзен, көл, ойпат, қырат, қала, дала бар екенін айыра біледі. Таулардың биіктігі, мұхиттардың тереңдігі, қала халықтарының саны да картада көрсетіледі. Сондықтан да география оқу құралында: «Картаны білмей географияны білуге болмайды» деп жазылған.

Географияны тек мектепте оқып, класта ғана кездестіріп қоймайсыңдар. Ол сендердің күнделікті өмірлерінде, әсіресе жазғы өлкетану саяхаттарыңда да кездеседі.

Жазды күні сендер өлкетану саяхатына шығасыңдар, көң байтақ ұлы Отанымызды аралайсыңдар, асқар тау, биік шың, айдып көл, ағысты өзен, ну орман-тоғайларды кезесіңдер. Сендер бұл саяхатта география кітабынан оқығандарыңды көзбен көресіңдер, мектептен алған білімдеріңді тәжірибемен толықтырасыңдар.

Бірақ сендер тек білімдеріңді толықтырып қана қоймай, мүмкін география ғылымына өздерің де жаңалық қосарсыңдар, бұрын жұртқа белгісіз жерлерді картаға түсірерсіңдер, көлдердің тереңдігін, өзеннің ағысын, жер аралықтарының қашықтығын өлшерсіңдер.

Міне, осының бәрі география ғылымына жатады. Мұның өзі сендердің география ғылымына қосқан үлестерің болып табылады.



## Асқақ мұсау

Асыл сөз—жанға азық, өмірге өрнек,  
Өткір тіл кескін пішіп, келбет бермек,  
Болыпты бір адамның үш баласы,  
Кенжесі шолжың бопты, ерке, тентек,  
Асқа өкпелеп, жөнді ішпей төгіп-шашып,  
Қарысып тіл алмауды қылды машық,  
Мектепте жайын білген кей балалар  
Онымен отырмады үркіп, қашып.  
Киімін былғап киді, шаңға аунап,  
Таласты орындыққа омыраулап,  
Бірге отырған баланы бір түйіп қап,  
Қаламын «менікі» деп алды даулап.  
Ол бала ұмтылмады «мен де ұрам» деп,  
Қаламға жармаспады «мен алам» деп,  
«Мен сендей сотқар бала атанбаймын,  
Таласпай басқа орынға отырам» деп.  
«Мен сен емес, ата-анам тілін алам,  
«Бұзақымен ойнама, — деген, — балам»,  
Бірге отырмақ қасыңа былай тұрсын,  
Сенің жүрген жолыңа баспан қадам.

Қаламыңды ала қой төбелескен,  
«Бермеймін» деп сенімен ергеспен,  
Тиіссең дәл өзіндей бір тентекке,  
Сыбағанды берер ед қалмас естен».

Мұны айтып әлгі бала кетіп қалды,  
Тентек бала қаламын қолына алды.  
Оқытқан мұғалімі мұны көріп,  
Баланы шақырып ап, ақыл салды.  
«Сен тидің, өзім көрдім, ол тимеді,  
Ақылды, момын бала үндемеді,  
Қаламын таласпастан беріп кетіп,  
«Маңыңа жоламаймын енді», деді.  
Енді сен бүйте берсең, кім боларсың,  
Өнер, білім, оқудан құр қаларсың.  
Жасыңда ғылым, білім үйренбеген,  
Надан қалған адаммен тең боларсың.  
Сен өмірдің жайнаған жас өрімі,  
Кездеспеген тұрмыстың ылдый, өрі  
Ата-анан, мұғалімнің тілін алсан,  
Боласың ғалымдардың сен де бірі».

Соны айтып мұғалімі қоя берді,  
Бала шығып мектептен, үйге келді.  
Қайтқанын ойға түсіп, қатты ренжіп,  
Қабағына бір қарап, әке білді.

Сұраған соң, баласы айтты шынын,  
Әке айтты: «жарамайды, балам, мұның!  
Бұдан былай істеме мұндай істі,  
Ақыл қып жақсы айтыпты мұғалімнің.  
Соқпақбайдың баласы Садық қандай,  
Бойының тазалығы кристалдай,  
Садықтай балалардан тәлім алып,  
Бұдан былай бол, балам, сен де сондай».

Ақылы мұғалімнің мыйға қонды.  
Әке сөзі балаға сабақ болды.  
Қыл кескендей тоқталып тентектіктен,  
Тапты бала өзіне тура жолды.  
«Үлгілі бала» атанды сонан кейін,  
Күн санап әр талантқа тартты бейім,  
Мектептегі баланың алды болып,  
Ақыл-ойы толығып, артты зейін.

Н. БАЙМУРАТОВ.

Қазақ ССР көркемөнерінің еңбегі сіңген қайраткері



# « АҒАШ АЯҚ »

ӘНГІМЕ.  
(С О Ң Ы).

Суреттерін салған А. ВОЕВОДИН

Н. АНОВ, Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ



V  
Дәулет Омбыда оқыйтын. Жаңа Семейге жаз айларында келіп кететін. Оның үстіндегі мауыты костюм мен басындағы көк шляпа Әмірені қызықтаратын. Әміре әлі атып еді.

Революция! — деген сөз дүниені көрнеп кетті. Исабек бар мал-мүлікті сатып, жамбасына алтын қаншықтарды басты. Дәулет көк мауыты киімін тастап, қара китель мен талифелі қалбар киді. Екі қу бастын үстіне айкастыра салған қос жеміктің суреті бар. Жұрт оны «Ажал» дейтін болды.

Күзгі түн. Семей көшелерінде жарқ-жүркі еткен жалын мен гүрсіндеген зеңбірек үні. Қала ішінде ақ пен қызылдың айқасы.

Исабек үйі абыржуда. Дәулет киімін тағы өзгертіпті. Оның үстінде сеңсең топ. Исабек алтынды қаншықтарды арбаға өзі салып жатыр. Екі арбаға бала-шағасымен отырысын алыпты. Қақпа алдында жалаңбас Әміре тұр. Исабек оған:

— Отыр, көшір бала! Кеттік Қытайға! — деді.

— Мен ешқайда бармаймын. Қытайда мені күткен қай нағашым бар? — деді Әміре.

— Әрі падаш, әрі жарлы, әрі ақымақ! — деді тістепін Дәулет. Ол қыйқарланып тұрған атыныны алып кеткісі келіп маузерін суыртанда:

— Жұртқа «біз мұнда» демекпісің! Тоқтат? — деді Исабек. Қос торы мен қос күрең құлшына басып қараңғылық қойнына кіріп кетті. Олардың беті шығыс, кәрі Қытай.

Маңдай шапшын түнгі суық жел желіп Әміре де қақпадан шығып кетті. Ол қала шетіне шыққанда, таң да атты, қызыл тулары желбіреп батыстан келе жатқан көпке Әміре құмарта қарап тұрып қалды.

## VI

Арада бес алты жыл өтіп кетті. Әміре ағыны емес, әнші. Оның аты да көп жерге желкен. Ол Семейде болатын. Пәтеріне біреу телеграмма алып кірді. «Москвадан, оқу халық комиссары Луначарскийден. Москваға келіңіз, күтін отырмыз» — депті.

Болат денелі қара арғымақ бір шабыстан тамбайды. Түтіні шудаланып ақша бұлтқа тоғысады. Сол-

қылдақ вагонның тербеуіне маужырап Әміре батысқа қарай кетіп барады. Москваға да келді. «Ағаш аяқты» тыңдап болып Луначарский:

— Міне ән, әнші! Парижға барып дүниені тандапдыратын сен боласың, — деп Әміренің қолын алды.

Келесі күні мауыты костюмді, көк шляпалы жас жігіт шет елге сапар шеккелі тұрған поезға кіріп жайласты. Ол Әміре еді. Сапары Париж. Дүние жүзі көрмесіне бармақ...

Түс ауа поезд Париж вокзалына келіп тоқтады. Қаланың төбесінен қарап тұрған қалқыған мұнараға көзі түсті Әміренің. «Мынау не?» деп сұрады ол жолдастарынан.

— Бұл Эйфель мұнарасы, — десті жолдастары.

— Бұл неге керек? — деп, Әміре бала шағында Дәулетке берген сұрағын есіне түсіргендей болды.

— «Біз биікпіз», деген далбасалықпен салған дүние ғой. Әйтпесе осының пайдасын көрдік деген французды естігеніміз жоқ, — деді тілмәш жолдас.

## VII



Париждың үлкен театры. Бүгін ССРОдағы Халықтарының концерті. Үлкен зал, иін тірескеп халық. Қара мұртты грузин жігіті сахна сыртына шыққанда залдағы қол шапалақтау үдей түсті. Ол қайта шықты сахнаға...

— Ендігі кезек Әміре Қашаубаевтікі! — деді жаршы. Әміре қазақы қаптал шапанды ыйығына бос тастап, қолында домбыра, сахнаға жай басып шықты. Бінтығу отын төккен мыңдаған көз қара көлеңке театр залын жарқыратып жібергендей.

— Қазақ әншісі Әміре! Қазақ әні «Бурыл тай!» — деді жаршы, француз тілінде.

Әнші қоңыр дауыспен бастап, әннің орта жерінен жоғары дауысқа көшті. Әннің қайырмасында даусы тым асқақтап кетті. Оң жақ ложадағы кешпелтек ағылшың, құлағымның жарғағын жарып кетер дегендей, біресе құлағын басты, біресе сағатына қарап мынау адамның үні емес шығар, егер адам үні болса, осыныша созуға шыдаған өкпе мына шағын денеге қалай сыйып тұр! деп ойлады.

Ән біткенде, зал есеңгіреп қалды білем, бір-ер се-



күнд үнсіз тұрды. Әнші кетуге оңтайланып орнынан тұра бергенде, зал іші дүр ете түсті. Кеспелтек ағылшын етігінің өкшесін түсіре тепкіледі. Әнші сахнаға бір-екі келіп кетіп еді, залдағы айқай үдей түсті.

Әнші орындыққа отырғанда театр іші құлаққа ұрған таңдай, ұшқан шыбынның ызыңы естілерліктей тына қалды.

Әнші Кашаубаев! Қазақ әні «Ағаш аяқ!»

Бұл сөз орысша, французша айтылып жатты. Әміренің көз алдына Естай еместеді...

Әнші бірден жоғары нотамен шырқап кетті. Әнші үні мыңдаған адам сыйған залды түгел ұйытты барады. Ән қаншалық қатты үнмен бірден шырқалса, соншалық таңдандырарлық дәрежеде кілт үзіліп барып қайта көтеріледі...

Әнші орнынан тұрып, бас иді де шығып кетті.


— Сахнаға! Сахнаға! — деген айқайлар естіліп жатты.

Әміре сахна сыртындағы бөлмеге кіре бере көзінің жасып, маңдайының терін сүртті. Дала жырларының, қазақ әндерінің бүкіл дүниені таңдандырғанына ол әрі мақтанды, әрі шаттанды.

— Дәлалық өзіміздің даладан да табылады екен ғой. Көріне алмай қор болыптыз ғой. «Дүние көркі» — Париж де қазақтың теңселгендігін көрсін дүние! Теңелді! Теңелдім! — деді әнші.

Келесі күні бүкіл дүние жүзілік конкурстың қорытындысы жарияланып, Әміре екінші бәйгі алды. Бүкіл дүние «қазақ», «Бурыл тай», «Ағаш аяқ» деген сөздерді әр тілде айтып жатты...

### VIII



Париж қонақ үйлерінің біріндегі Әміре бөлмесінің есігі қағылды. Есік ашылды, екі кісі кірді. Оның бірі бұрыл шалты, орта бойлы, қауырсыма жақты арық кісі Ромэн Роллан еді де, екіншісі сұңғақ бойлы арық қара кісі Анри Барбюс еді. Француздың екі данқты жазушысы қарапайым қазақ жігітінің бөлмесіне кірген бетте Әмірені кезек құшақтап, кезектесіп сүйді. Екеуі жарыса сөйлеп отыр.

— Сіздей әнші сирек! Сіздің үніңізді естігеніме әрі қуаныштымын, әрі өзімді бақыттымын деп санаймын! — деді Р. Роллан.

— Сізді біз Совет елінің азаматы деп табынсақ та жетер еді. Оның сыртында сіздің талантыңыз бас идіреді! — деді А. Барбюс.

Екі жазушы Әмірені қонаққа шақырды. Әнші келісім ішаратын білдірді. Олар «Эйфель» мұнарасына келіп, 40 қатар темір үйдің ең жоғарғы қатарына лифтімен шықты. Әміре терезеден қараса, үлкен Париж алақанның аясында тұрғандай екен. Ол Дәулетті тағы бір рет еске түсірді...

«Менің мұнда тұрғанымды Дәулет көрсе, күншілдіктен жарылып өлер ме еді?» дегендей Әміре жымыйып күлді.

### IX



Совет елшілігі алдында жыйырмаотыз машина тұр. Көрме мен конкурске келген совет делегациясы елге қайтуға асыға даярланып жатыр. Қарамұртты грузин жігіт мен Әміре әзілдесе сөйлесіп келеді. Колдарында бір-бір

чемодан. Екеуі есік алдына шыққанда шағын қара машина көлденеңдей келіп тұра қалды. Машина есігі ашылды да, қара мұрт артқа, Әміре алға, шофер жапына отырды. Машина вокзал жаққа қарай жүріп кетті...

Қасында отырған шоферге көзі түскенде, Әміре өзіне-өзі сенбеген пішінде үнсіз отырып қалды. Оның ойып шофердің қазақша сөзі бұзып кетті.

— Сәлемдесейік, Әміре! Танымауың орынды. Мен Дәулетпін, деді ол.

— Сен шын Дәулетпсің? Қайдан жүрсің?

— Я, мен Дәулетпін. Жел айдаған қаңбақ қайда бармайды? Мұнда жұмыссыз жүргендердің саны көп. Маған тигені осы болды.

— Атшымықтан тәуір шығар? Бірақ сен атың болған жоқсың, білмейсің ғой атшының тіршілігін... Әкең қайда?

— Әжуәң орынды. Әке сүйегі Қытайда қалған. Мен Индия арқылы осында келіп тұрақтадым. Күн көріс осы...

Машина вокзалға келіп тоқтады. Екі чемоданды көтеріп Дәулет вагон алдына келді.

— Қонақ етерге уақыттыңыз. «Эйфель» мұнарасындағы ресторанның тамақтанарсың, — деп Әміре Дәулетке ақша ұсынды. — Алтының көп, ақшаға зәру емес шығарсың? — деп жымыйып та қойды.

— Ақша неге керек болмасын? — деп Дәулет мұнайды да, Әміре берген ақшаны қалтасына салып алды.

— Түбіміз тарақты, туыс едің. Парижде шоферіміз бар дейтін болдық!

— Мені бұл өмірде жоқ дегеніңіздің өзі артық.

...Поез жүретіндігі хабарланды. Қоштасарда Дәулет мүйізді қара қошқыл қолын беруге арланды ма, қалай, сынық құнқағарлы қалпағын алып бас иді. Әміре мауыты көк шляпасын көтерді. Поезд жүріп кетті.

Тутан елге, өскен жерге қашан жетемін, деген ой Әміренің Парижде көрген қызықтарын ұмыттырып жіберді. Бетіне қарар елі жоқ, еміреніп қарсы алар жері жоқ Дәулет Парижде қала берді. Вагон ішінде отырып Әміре ыңылдап ән салды.

— Еркелетер елім бар,


Еміренер жерім бар,

Қош бол енді, жат өлке,

Қолақ үй бізге — Париждар! —

деген сөздердің қалай айтылғанын әншінің өзі де аңғарған жоқ...

## „УСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...“



Суретте: Оқушылары Е. Алдоңғаров жолдасты жоғары наградамен құттықтап тұр.

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» — деген Абай сөзін совет мұғалімдері де жиі айтады. Әресе, біздің елімізде мұғалім болып, балаға ұстаздық ету—ардақты қызмет, үлкен аброй, Үкметіміз, большевиктік партиямыз, сүйікті көсеміміз Сталин жолдас мұғалімдердің еңбегін зор бағалап, үнемі әкелік қамқорлық жасап отырады.

Осы сөздің айғағындай-ақ жақында Қазақ ССР-інің 2.747 мұғалімі көп жылдық және мінсіз еңбегі үшін ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша ордендармен және медальдармен наградалды. Ең жоғары наград—Ленин орденімен наградалғандар ішінде Алдоңғаров Іскендер Ержанұлы да бар.

Іскендер Ержанұлы совет мектебімен бірге жасасып келеді. Одан арырақта да, өзінің жерлесі Спандияр Көбеевпен бірігіп, ол ауылдағы кедей балаларына сабақ береді. Ол балаға ұстаз болғалы 34 жыл! Аз жыл ма? Осы уақыттың ішінде одап кімдер оқымады! Алғашқы сауатын Іскендер Ержанұлы алдында ашқандардың қазір бірі агроном, бірі инженер, бірі геолог, бірі оқытушы, бірі жазушы—еліміздің ардақты адамдары.

Іскендер Ержанұлы аса кішіпейіл адам. Мақтануды сүймейді. Оның алдын жорған шәкірттері де нақ ұстазы сыяқты кішіпейіл, өз ісіне адал, мәдениетті адам болып шыққаны даусыз.

Еңбекті сүйе білген адам, одан ләззат та ала біледі. Ол 34 жыл бойы тынбастан, күн сайын мектеп табалдырығын аттап, күн сайын жас ұрпақтарға жаңа ой, жаңа сана құйып, алға қарай жетектей берді. Өзі де солардың алдында бірге жүріп отырды. Троицкі қаласындағы рәсулие медресінен алған білімді місе тұтпады, өз білгенін жас буындарға үйрете жүріп, ол өмірден оқып, халықтан үйрөнді. Өз бетінше тынбай оқу арқасында білімді, алдыңғы қатарлы мәдениетті мұғалім атанды. Оқу-тәрбие жұмысындағы көп жылдық тәжірибе, үздіксіз оқып алған білім Іскендер ақсақалды өзінің шәкірттері—жас оқушылар алдында абройлы да, беделді де, хұрметті де етті.

— Мен туралы өзімнен сұрамаңыз, оны бұрынғы шәкірттерім, қызметтес жолдастар айтсын, — дейді Іскендер Ержанұлы. — Мен сөйлесем, «мен» деп емес, «біз» деп сөйлеуіме ғана болады. Міне, біз совет мұғалімдері халық мүддесіне қызмет ететін ең бақытты адамдармыз. Еткен еңбегіміздің жемісін күн сайын көріп отырамыз. Біз адам тәрбиелеп шығарамыз. Біздің еңбегіміз—ең ардақты, ең хұрметті еңбек. Буржуазиялық елдердегі оқытушылар еңбегінен басқаша бағалапатын еңбек.

Іскендер Ержанұлы дұрыс айтады. Шет елдерде, әсіресе, Америкада оқу-ағарту жұмысы дағдарысқа ұшырап отыр. Бұл елде мектеп жасындағы 6 миллион бала оқусыз қалған. Осының салдарынан 350 мың мұғалім сүйікті мамандығын тастап, бір тілім нан үшін жұмыс іздеп қаңғып кеткен. Америкада шығатын «Коммуналс» журналы «Біздің еліміздегі ең құны жоқ, бағасыз адам—мұғалім», деп ашық жазды.

Халық оқу ісіне біздің елде ғана айрықша көңіл бөлінеді. Біздің елдегі әрбір мұғалім болашағына зор сеніммен қарайды. Сондықтан да ұстаздық етуден жалықпайды.

С. БАҚБЕРГЕНОВ.

### БАҚЫТ

Бақыт деген адам шықпас шын емес,  
Жан шеше алмас құпиялы сыр емес.  
Көңілі түскен пендесіне ұсынар,  
«Жаратқанның» қолындағы сыйы емес.

Бақыт деген ерінбеген ер ісі,  
Бақыт деген ер еңбектің көрінісі.

Көпшіл көңіл ынтаменен жұмсалған  
Қайрат-күштен шыққан тердің жемісі.

Бақыт деген тек өзінің қолында.  
Қайратыңды сал бақыттың жолына!  
Отаныңа сүйікті ұл боларсың,  
Еңбекпенен бақытты алсаң қолыңа.  
Ж. АХМЕТОВ.

## ЗВЕНО ЖӘНЕ ОТРЯД ВОЖАТЫЙЛАРЫНЫҢ ОҚУЫН ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕРЕК

Пионер ұйымының жемісті жұмыстар істеуі — пионерлерді сабаққа от-лично үлгеруге жұмылдыру, олардың белсенді, тәртіпті болып өсуін қамтамасыз ету — көбінесе, пионер вожатыйына, оның іскерлігіне байланысты. Өйткені, біреуді тәрбиелеу үшін тәрбиешінің өзі тәрбиеленген болуы керек.

Міне, сондықтан біз пионерлер активін тәрбиелеуге, ең әуелі отряд және звено вожатыйлары арасында жұмыс жүргізуге айырықша көңіл бөліп отырамыз.

Біздің дружинада 13 отряд, 42 звено бар. Дружинамызда белгілі жоспар бойынша, отряд және звено вожатыйлары арасында айына екі рет семинар өткізіліп тұрады. Бұл семинарлардың тақырыбы жөнінде алдынала мектеп жанындағы комсомол комитетімен келісіп аламыз, оны мектеп директоры бекітеді.

Өткізілетін семинардың тақырыбы әртүрлі, оны таңдау отрядтарда жүргізілуге тиісті нақты жұмыстарға байланысты. Семинар екі бөлімнен құралады. Бірінші бөлім — семинардың күн тәртібіне қойылған мәселе туралы вожатыйдың я бір оқытушының әңгімесі, ал, екінші бөлім — сол мәселені іс жүзінде қалай орындауға болады, міне осыған жаттығу. Мысалы, отряд және звено вожатыйларымен өткізген бір семинарымда: звено жыйынын қалай өткізу керек екенін түсіндірдім, одан кейін сол вожатыйлардың өздерін звено деп санап, тәжірибе жөнінде звено жыйынын өткіздім: Осы жыйында вожатыйлар дұрыс рапорт беруді үйренді.

Біз «Отряд яки звено жұмыс жоспарын қалай жасау керек?», «Газетті қалай оқу керек?», «Звено күнделігін қалай жүргізуге болады?», «Уақытты дұрыс пайдалану» деген тақырыптарда және жаңа әндер үйрену, жаңа ойындар үйрену жөнінде семинарлар өткіздік.

Мұндай семинарларды өткізуге класс жетекшілері де, (А. С. Горохова, О. И. Бакланова), мектеп директоры да, комсомол активі де белсенді қатынасып тұрады.

Звено вожатыйлары мұндай семинарда көп тәжірибе алады. Өз звеносында, отрядында пионер жұмысын жақсы ұйымдастыруына бұл тәжірибелері үлкен көмекші күш болады.

Әрбір жетекшінің өзінің үлгілі өнегесі жолдастарына үлкен әсер етеді. Мен осы жағдайды ешқашанда естен шығармай, дружинадағы отряд және

звено вожатыйларының ең әуелі өздері оқуда отличник, тәртіпті, саналы болып, пионерлерге үлгі көрсетуін талап етемін. Біздің дружинада вожатыйлар оқу отличниктері Нұрлан Жароков, Олег Скоблев, Вадим Разманов барлық пионерлерге үлгі көрсетіп келеді.

Звено және отряд вожатыйларын жақсы жұмыс істеуге жұмылдыратын шараның бірі — озат вожатыйлардың жақсылығын тез көріп, орнымен мадақтап отыру, басқаларға үлгі ету.

Біз бірінші жарты жылдықтың соңында оқу үлгеруі, отрядта пионер жұмысын жақсы жүргізу, мектептегі көпшілік-қоғам жұмысына белсене қатысу жөнінде дружина жыйынында отрядтар бойынша қортынды шығардық. Бірінші орын алған 10—отрядқа (4-класс «В») ауыспалы қызыл ту берілді. Бұл отряд Совет Одағының Батыры Лиза Чайкинаның есімімен аталатын болды. Эрик Тәжібаев, Вова Шиляев, Юра Жарковский, Шатен Сүлейменов сыяқты озат отряд және звено вожатыйлары сыйлық алды.

Звено және отряд вожатыйларын ұйымдасқан түрде киноға апару, онда көрген пьесаларын, фильмдерін талқылау, сол сыяқты пионерлер мен мектеп оқушылары жөнінде жазылған жаңа кітапты талқылау олар-

дың білімдерін арттырады. Ертеңде вожатый пионерлерге кешегі көргенін, сетігенін әңгімелеп айтып береді. Мысалы, біз ұйымдасқан түрде «Нағыз адам туралы повесть» фильмін, «Қызыл галстук» пьесасын көріп, пионерлер арасында қызық әңгімелер өткіздік. Пионер активімен жүргізілген жұмыс өзінің жемісін беріп келеді. Отрядтар мен звенолардың жыйындары қызықты, нәтижелі өтеді, оларға пионерлер түгелдей қатысады.

5 класта «күнделікті уақытты тәртіппен пайдалану» деген тақырыпқа жыйын өтті. Бұл жыйында уақытты дұрыс, үнемді пайдалану жөнінде оқу отличниктері өз тәжірибелерін айтты. Солармен қатар сабақты нашар үлгерушілер де сөйледі. Сөйтіп олар отряд бойынша уақытты белгілі тәртіппен пайдалану жөнінде бір ұйғарындыға келді. Соның арқасында сабақты нашар үлгеріп келген он екі оқушының оны сабақты жақсы үлгіре бастады. Пионер Юра Выришев, Жан Сақбаев оқу озаттары қатарына қосылды.


Звеноларда — «Әдепті бол», «Звено абройы», «Менің сүйікті батырларым», отрядтарда — «Сен бүгінгі пионер ертеңгі комсомолецсің», «Білім — адамның бойындағы күш», «Ұлы Отан соғысының кішкентай батырлары» деген тақырыптарда қызық жыйындар өткізілді. Бұл жыйындар отряд советі мен вожатыйларының беделін өсірді.

Отрядтарда, звеноларда биіктікпен секіру, жүгіру жарыстары өткізіліп отырады. Мектебімізде физкультура мен спорттың түр-түрінен Юра Обоноль, Жан Сақбаев, Гена Васковский сыяқты өз чемпиондарымыз бар. Футбол бойынша VI «А» класының командасы алда келеді.

Орталық Партия Комитетінің қаулысына сәйкес көпшілік-қоғам жұмысын біз пионерлер арасында тең-бірдей етіп бөлдік. Бұл да пионерлердің негізгі міндеті — оқуда ынталылығын арттырды. Мектептегі 68 пионер — оқу отличнигі.

Қазір отряд және звено вожатыйлары өз пионерлерін жазғы сынаққа жақсы әзірлеу міндетін алдына қойып отыр. Олардың ұраны: «бір класта екінші жылға қалған бір де пионер, оқушы болмасын!» Олар бұл ұранды орындап шығады.

Аға пионер вожатый  
**Н. В. ШАХВОРОСТОВА,**  
Алматы, 28-ербалалар мектебі.



Суретте: Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы «Совет» колхозындағы жеті жылдық мектептің 3-класс оқушысы Ишанов Айгбек ана тілінен сабаққа әзірленіп отыр.



# БІЗДІҢ

## ПОЧТА



БІЗДІҢ  
КҮЛӘШ

Күләш Әбуева Қазалы ауданындағы 17-қазақ орта мектебінің ІІІ класында оқиды. Быйыл жасы 10-да, пионер ұйымының мүшесі,

мектебіміздегі үлгілі оқушылардың бірі.

Күләш бірінші кластан бастап, сабақты үнемі өте жақсы оқып келеді. Ол үстіміздегі оқу жылының алғашқы жартысына кілең бестік бағамен бітірді. Қазір, үшінші төксемде да, сабақты өте жақсы оқып жүр.

Парталас басқа достары сияқты, Күләш та жазғы сынаққа осы бастап әзірленуде. Ол ІІІ класты отмычно бітіруді алдына мақсат етіп қойып отыр. Оның бұл мақсатына жететініне біздің сеніміміз зор.

Күләш сонымен бірге басқа да іске ұқыпты қарайды. Оның қолындағы оқу құралдары, көркем жазу, есеп және орыс тілінен жазу дәптерлері таза, әрі бүтін. Қазір оның дәптерлері мектебіміздің жапынан ашылған көрмеде тұр.

Күләш — оқуда үздік, көпшілік-қоғам жұмысында өнегелі пионер. Мектебіміздің басқа оқушылары мен пионерлері Күләштан үлгі алады.

Аға пионер вожатый

**Сағындық Жүнісов,**

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, 17-қазақ орта мектебі.

## ҚЫЗЫЛ ТУ ТАПСЫРЫЛДЫ

Жуырда астанамыздағы Фрунзе ауданының пионерлері Офицерлер үйіне жыйналды. Бұлар бүгін ерекше қуаныш құшағына бөленген. Өйткені, бүгін оларға зор хұрмет көрсетіледі, аудан пионерлеріне тұңғыш рет қызыл ту тапсырылады.

Пионер туын тапсыруға арналған жыйын үлкен салтанатпен ашылды. Қалалық пионерлер советінің

тапсыруы бойынша жыйынды Талғат Вигельдинов атындағы 3-дружинаның пионері Вера Берман ашты.

Жыйында Қазақстан ЛКЖО Алматы облыстық комитетінің секретары К. Мендібаев жолдас Фрунзе ауданының пионерлерін құттықтап сөз сөйледі.

Мұнан кейін 4-мектептің оқушы пионерлері Галя Визгалова сөз сөйлеп, қызыл туға кір келтірмеуге, оны әрқашанда кіршіксіз таза ұстауға аудан пионерлері атынан ант берді.

Жыйында Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Х. Доспанова, Совет Одағының Батыры Кокорин және Фрунзе аудандық комсомол комитетінің секретары Хұсайнов пионерлерді ту алуымен құттықтады.

Құттықтау сөздерден кейін Алматы облыстық комсомол комитетінің секретары К. Мендібаев жолдас аудан пионерлеріне қызыл ту тапсырды.

**Алефтина МАСЛОВА.**

Алматы қаласы, ҚКЖО Фрунзе аудандық комитетінің мектеп бөлімінің меңгерушісі.



Суретте: Пионер Галя Дворкина ҚКЖО Алматы облыстық комитетінің секретары К. Мендібаев жолдасын қолынан жас пионерлердің аудандық советі туын қабылдап тұр.

## ЖАС МУЗЫКАНТ

Павлодар облысының Бесқарағай ауданы, «Өндіріс» колхозының мүшесі Шамқұл қарт бүгін баласынан тағы да бір хат алды. Өмірінде бірінші естіген сөзіне таңданған ол, «Флейта, флейта» деп тілі жаңа шыққан жас балаша әлде неше қайталады. «Ата мен қазір флейта аспабында ойнаймын», депті баласы. Қарт колхоз мектебінің мұғаліміне барып түсінік алды.

— Симфониялық (көп аспапты, көп үнді) оркестр бар. Флейта деген сол оркестрдің бір аспабы. Қарт, балаңыз жақсы өнерге ұмтылған екен, — деді мұғалім.

\* \* \*

Әп, күй десе құлағы елең ете қалатын Ойраттың 1947 — жылғы 1-сентябрь күнгі қуанышы қойнына сыймады. Өйткені, сол күннен бастап ол Алматыдағы музыка мектебіне алынды. Содан бері 2 жыл өтті. Музыканың әліпшесінен бастаған, Ойрат оқуда ұғымталдығын

көрсетіп келеді. 56 жастағы тәжірибелі мұғалім Иван Петрович Коноплевтің берген сабағын ықпалмен тыңдап, жатақханаға келгенде, өзінің сүйікті аспабы флейтасында ойнап, үздіксіз жаптығу жасау арқылы сабақты отлучно оқып жүр.

Сонымен бірге Ойрат Шамқұлов астанадағы Жамбыл атындағы 18-ербалалар мектебінде 4-класта оқыйды. Ол бұл мектепте де сабақты жақсы үлгіреді.

Қазір Ойрат 12 жаста. Ол қазір мектептегі оркестрде ойнайды. Жас музыкант бірсыпыра әндерді жеке орындайды. Оның арманы — музыкант болу. Енді біржылдан соң ол музыка мектебін бітіреді. Одан кейін музыка училищесінің есігін ашады. Одан әрі консерватория бар. Ойраттың жолы ашық. Ол өнерлі музыкант болмақ.

М. Маралдин,

Алматы, 18-ербалалар мектебі.



Суретте: Ойрат Шамқұлов



СУРЕТШІ  
ПИОНЕР

Төрте отырған орта бойлы ақсұр әйел:

— Кір, Қабыш, — деп жайдары жүзбен қарсы алды.

— Қабыш, жаңалық хабарды естідің бе? — деп сұрады тағы да.

— Жоқ, ол не хабар, София Ажғалиевна?

— Сенің әнеуі Москваға көрмеге жіберген суретің жоғары бағаманып, саған 800 сом сыйлық жіберіпті, — деді мектеп директоры.

Бұл хабарды естігенде, Қабыштың

қуанғандығы сондай, аузына сөз де түспей қалды.

— Рас, Қабыш рас. Оған шүбәленба. Ол сенің орта мектепті бітіріп, Москвадағы жоғары дәрежелі сурет мектебінен білім алып, нағыз суретші болатындығының белгісі, — деді Ажғалиева.

Жас суретші Қабыш Баян тауының сұлу бейнесін салған екен. Таудың көркемдігі дәл бейнеленген. Етегіндегі колхоз аулы, айналада қыбырлаған төрт түлік мал өте жарасымды көрсетілген. Суреттің мазмұны колхозды ауылдың байлығын, оның ең дәулетін баяндап тұрғандай.

Қабыш Бейсенбеков быыл 13 те, VII класта оқыйды. Ол бірінші кластан бастап тек «отлучно» деген бағамен оқып келеді. 1946 жылы V класты кілең бестік бағамен бітіргені үшін ол Қырымдағы «Артек»

атты бүкілодақтық балалар лагеріне барып қайтты.

«Артекте» демалуы — оның Совет Одағының барлық жерінен келген пионерлермен тапысуына, достасуына жақсы болды. Жолшыбай Москвада 6 күн болып, Москва көшелерінде сайрандап, неше түрлі алуан қызықтарды көрді. Міне, осы өзі көрген қызықтарын ауылға келгеннен кейін, жолдас пионерлеріне жеке жерде, отряд жыйындарында осы уақытқа дейін әңгіме етуде.

Қазір пионер Қабыш өзі дем алған Қара теңіз жағасындағы «Артектің» суретін салуды аяқтады. Әсіресе, теңіз жағасындағы Аюдаг тауының бейнесін, ондағы «Суықсу», «Грузуар» лагеріндегі дем алып жатқан өзі сияқты пионерлердің суретін жарасымды етіп көрсете білген.

Рымбала НОҒАЙБАЕВА,  
Павлодар қаласы.



# Жас агроном



*Хұрметті оқушылар!*

Сендер кішкентай күндеріңнен бастап-ақ елдің өмірін гүлденту жолында жан аямай еңбек етіп келе жатқан ата-аналарың мен аға-апаларыңның тамаша істерін көріп келесіңдер. Жазда да, қыста да аул шаруашылығының түрлі саласында сендер қолдарыңнан келгенше үлкендерге үнемі қолқабыс көрсетіп отырасыңдар. Сендерге ғылыми кеңес беріп, көмек көрсету үшін біз журналымыздың осы санынан бастап „Жас агроном“ деген бөлім ашамыз.

„Жас агроном“ бөлімінде ғалымдарды, тәжірибелі агрономдардың және мол өнімшілердің егін шаруашылығы, бау-бақша өсіру, мақта және қызылша егісі, мал шаруашылығы жөніндегі кеңестері басылып тұрады.

„Бүкіл жаратылыс тану ғылымымыздың жарқын болашағы-колхоздар мен совхоздарда“ деген И. В. Мичурин.

Сендер колхоз даласында жүріп, биология ғылымымен іс жүзінде танысуға мүмкіншілік аласыңдар.

## ЖЕРГІЛІКТІ ТЫҢАЙТҚЫШТАР

Өсімдіктер қорекпен өсіп жетіледі. Бұл қорек заттар неғұрлым көп болса, өсімдік жақсы шығып, өнімі молаяды. Мысалы, бидай сабақты, дәні толық болып өседі.

Әртүрлі өсімдіктер өзінің өсу дәуірінде жердегі қорек заттарды түрлі мөлшерде пайдаланады. Мақта, қант қызылшасы және картоп сыяқты егістер, дәнді егістерге қарағанда, қорек заттарды көп тілейді. Егіннен мол өнім түскен жерлерде өсімдіктің өсуіне, өнім беруіне қорек заттар көбірек жұмсалады.

Егерде топрақтың өсімдіктер өсіп жетілуіне жұмсалған қорек заттарын толықтырып отырмаса, жердің құнарлылығы кемиді де, егіннің өнімі барған сайын азая береді. Сол себепті жерден өсімдіктер бойына сіңірген қорек есесін толықтыру үшін, егіндік жерлерді көбірек тыңайтуға тура келеді. Сондықтан жерді тыңайту жолымен егін өнімін молайту жұмысының маңызы зор.

Орыстың ұлы ғалымдары өсімдіктің өсуін зерттей отырып, егіннің шығымдылығын арттыру жолдарын ашты. Докучаевтың, Вильямстың жерді өңдеу, тыңайту тәсілдері дүние жүзіндегі ең озат — социалистік егін шаруашылығын орасан зор табыстарға жеткізді.

Сол жерді өңдеудің, тыңайтудың бірнеше жолы бар. Соның бірі — жерді жергілікті тыңайтқыштармен тыңайту. Жергілікті тыңайтқыштар бірнешеге бөлінеді. Көп қолданылатын жергілікті тыңайтқыштар қатарына: көң, күл, күс саңғырығы, қый суы, фекалий, компост қосылады.

Жергілікті тыңайтқыштардың көпшілігі-органикалық тыңайтқышқа жатады.

Жергілікті тыңайтқыштардың ішіндегі ең құнды тыңайтқыштың бірі — көң. Онда: өсімдіктің емін-еркін өсіп жетілуіне, өнімін арттыруына хажетті азот, фосфор, калий сыяқты заттың барлығы бар. Сондықтан көң «күрделі тыңайтқыш» деп аталады. Азот өсімдік сабағының өсіп жетілуіне әсерін тигізсе, фосфор, калий тұздары өсімдік дәнін толықтырады. Мысалы, фосфор, калий тыңайтқыштары қант қызылшасының тәттілігін арттырады.

Қый суы өсімдікке тез сіңеді және әсері күшті болады. Сол тәрізді егіннің барлық түріне қолдануға, күс саңғырығы да өте бағалы тыңайтқыш болып есептеледі. Күс саңғырығының қоректік заттарын өсімдіктер бойына жақсы сіңіреді.

Күл-бағалы калий тыңайтқышы. Күлде калийден басқа фосфор қышқылы да кездеседі. Күл, көп реттерде, минеральдық тыңайтқыштар орнына да жұмсалады.

Фекалий тыңайтқыштарында да өсімдікке пайдалы қоректік заттар кездеседі. Фекалий негізінен азотты тыңайтқышқа қосылады. Фекалиймен егісті қоректендіргенде, оны егістік жерге топрақпен немесе шыммен қосып шашқан жөн. Өнеркәсіп өнімінің (өсімдік) қалдықтары компост тыңайтқышы деп аталады. Жергілікті тыңайтқыштың бұл түрі де ауыл шаруашылық егістерінің өнімін арттыруға көмектеседі.

Егіндік жерге сіңірілген жергілікті тыңайтқыштар егіннің өнімін гектарына 3-4 центнерге дейін арттыратындығы ғылымда және озат егіншілердің жұмыс тәжірибелерінде анықталған. Жергілікті тыңайтқыштардың агротехникалық маңызы зор. Жергілікті тыңайтқыштар егіннің шығымдылығын молайтып, оның құнарлылыққа, түрлі кінәраттарға төзімділігін күшейтеді. Мұнымен топрақтың физикалық сапасы жақсарып, су тұтқырлығы артады, топрақ бетіндегі судың буға айналып кетуі азаяды. Топрақтың пығыздалуы кемиді.

Органикалық зат сортаңданған топрақтардың сапасын арттырады. Көң, тағы басқа органикалық тыңайтқыштар төгу арқылы сортаң топрақты жер құнарланып, оған егілген егіннен болжаулы өнім алуға мүмкіндік береді.

Жергілікті тыңайтқыштарды колхозды ауылдың барлығында да дайындауға болады. Егіс жерлеріне төгуге, егістерді қоректендіруге қоректі тыңайтқыштарды көп жыйнауға оқушылар мен пионерлер де көмектесе алады.

Агроном Н. ОСПАНОВА.





## Оқушыларымыздың сұрауына жауап

### БУМЕН ЖҮРЕТІН МАШИНАНЫ КІМ ЖӘНЕ ҚАШАН ТАПТЫ?

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, қазақ орта мектебінің оқушысы  
СЕЙТЕН АҚАТОВТЫҢ сұрауына жауап.

Бумен жүретін бірінші машина дүние жүзінде тұңғыш рет 1766 жылы жасалып шықты. Оны ойлап тапқан орыс халқының талантты ұлы Иван Иванович Ползунов. Ползунов өзінің осы ойлап тапқан бу машинасымен техникада тамаша революция жасады.

Осы уақытқа дейін кейбір шетелдік буржуазия оқымыстылары бу машинаны, бірінші рет ағылшын Джеймс Уатт ойлап тапты деп санайды. Ақыйқатында бұл дұрыс емес. Өйткені Джеймс Уатт өзінің машинасын тек 1786 жылы, яғни Ползунов машинасынан 20 жыл кейін ғана жасап шығарды.

Иван Ползуновтың жаңалығы өркендемеуінің себебі де бар еді. Өйткені патшалық Россиядағы фабрика мен завод иелері қымбатқа түсетін бу машинасын жасап шығарудан көрі, барлық жұмыстарын басыбайлы (крепостной) шаруаларға тегін істетуді пайдалырақ көрді. Сондықтан да Ползуновтың ойлап тапқан бу машинасы ол кезде Россияда пайдаға

аспады, көпшілік арасына кең тарамды.

Қазіргі заманда техникада кеңінен қолданылып жүрген бу машиналары, турбиналар, дизельмоторлар — барлығы да Иван Ползунов ойлап тапқан бу машинасының немерелері мен шөберелері.

Октябрь революциясынан кейін біздің елімізде адам еңбегін жеңілдететін бірнеше бу машиналары жасалды. Олар фабрика мен заводтағы станоктарды қозғалтады, паропен паровоздарды жүргізеді, электр қуатын беретін динамо машиналарын айналдырады.

Совет оқымыстылары бу машина жасау ісін қазір қызу дамытуда. Ленинградтың Сталин атындағы металлургия заводының коллективі күші 100 мың киловат бу турбинасын жасады. Бұл дүние жүзіндегі ең ірі бу машинасы болып саналады.

1950 жылы біздің елімізде жалпы қуаттылығы 2 миллион 906 мың киловатқа тең бірнеше бу турбиналары салынады және 6.165 паровоз және басқа да бу машиналары жасалады.

### МИЧУРИН ЖЕМІС ӨСІМДІКТЕРІНІҢ ҚАНША ТҮРІН ӨСІРДІ?

Алматы қаласы, 25-ербалалар мектебінің оқушысы  
МАРАТ ЖАНТУАРОВТЫҢ сұрауына жауап.

Орыс халқының ұлы оқымыстысы Иван Владимирович Мичурин өзінің алпыс жылдық еңбегі ішінде алма, алмұрт, өрік, мейіз, шие, бүлдірген, жүзім, жидек және басқа да толып жатқан жемісті өсімдіктерінің 350 дей түрін өсірді.

Табиғатты ұлы өзгертуші Мичурин жемісті өсімдіктерді құнарландыруға бағалы еңбек сіңіріп, тамаша жаңалықтар ашты. Ол өзінің осы еңбегімен атағын дүние жүзіне жайды.

И. В. Мичурин өзі жасаған тәжірибелерін еліміздің барлық совхоздары мен колхоздарына кең тарауын мақсат етті. Ол өз өмірі ішінде екі миллиондай алма ағашының көшетін, біржарым миллиондай шие ағашта-

ры сабағын және миллионнан астам жүзім ағашы бұталарын дайындап, колхоздарға таратты. Мұның өзі ұлы оқымыстының қарапайым колхозшы шаруалармен тығыз байланыс жасап отырғанын дәлелдейді.

Қазір біздің елімізде мыңдаған ғалымдар Мичуриннің әдістерін кең қолдана отырып, жеміс өсімдіктерін құнарландыру жөнінде бағалы жұмыстар істеуде.

Иван Владимирович: «Біз табиғаттың қайырымын күтіп отыра алмаймыз, оны ала білу—біздің міндетіміз» деген болатын. Мичуриннің бұл данышпандық сөзін қазір академик Т. Д. Лысенко бастаған совет оқымыстылары іс жүзіне асыруда.

### ИНДИЯНЫ КІМ ЖӘНЕ ҚАШАН ТАПТЫ?

Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Шәуілдір ауданы, қазақ орта  
мектебінің оқушысы З.  
Оспанованың сұрауына жауап.

Европалық мемлекеттердің ешқайсысы да көпке дейін жер бетінде Индия деген елдің барлығын білген емес. Тек XV ғасырдың бас кезінде, әйтеуір жер бөліктерінің бірінде Индия деген елдің барлығы туралы еміс-еміс хабар тарады. Енді еуропалықтар осы бай ел—Индияны іздеп тауып, жаулап алуды арман етті. Олардың көпшілігі қарулы жасақтар аттандырып, топ-топ адамдар жіберді. Бірақ олардың ешқайсысы да Индияны таба алмады. Тіпті Италияның атақты жиһанкесі — Христофор Колумбаның өзі де Индияны іздеп таба алмай, адасып Америкаға барды. Сол сыяқты Магеллан да дүние жүзін айналып шықса да, Индияны таба алмады.

Индияны іздеп табу, онымен байланыс жасау тек орыс халқының атақты жиһанкесі Афанасий Никитиннің ғана қолынан келді.

Афанасий Никитин, орыс халқының ержүрек саяхатшысы, 1467 жылы, яғни Васко да Гамадан 30 жыл бұрын, Индияны іздеп табуды ойлады. Осы мақсатпен ол қасына Москва және Тверь князьдіктерінен бірнеше жолдас ертіп, екі кемемен Еділ өзенінің бойымен төмен қарай сапар шекті. Шемаха қаласына, сонсоң Бакуге, одан әрі Персияға жетті. Ақыр аяғында, олар бірнеше күн жол жүріп, Индияға келді.

Сөйтіп, орыс халқының атақты жиһанкесі — Афанасий Никитин Индияны ашып, дүние жүзілік география жаңалығына өзінің үлесін қосты.

Индияны ашудың саяси және шаруашылық маңызы зор болды. Осыдан бастап Индия Европа елдерімен, әсіресе жаңа бірігіп құрала бастаған Россия мемлекетімен тығыз байланыс жасап тұрды, екі елдің арасында алыс-беріс, сауда-саттық жұмысы күшейді. Мұның өзі бұл екі елдің шаруашылығы мен мәдениетінің дамуына мүмкіндік туғызды.





Ел—еркін сөз, терең ойдың көзі. Қай елдің болсын өздерінің тарихына, басынан кешірген өмірлеріне, тұрмыстарына сәйкес әр түрлі асыл қазыналары бар.

Қазақ халқы да, өздерінің басынан кешірген ауыр күндерін, ел қамын жеген батырлардың жорықтарын сұлу жырлар арқылы кейінгі ұрпақтарына қалдырып отырды. Бұған дәлел «Ер тарғын», «Қобланды батыр», «Алпамыс батыр» тағы басқа жырлар.

Ерте кезде жазу болмағандықтан, еліміздің талай асыл мәдени мұралары, ойлап тапқан неше түрлі қызық және қиын математикалық есептері, бізге жетпей жоғалып та қалды.

Қазақ халқының ілгергі уақытта ауызша математикамен, әсіресе, алгебрамен шұғылданғанына «Тоғыз құмалақ» ойыны дәлел. «Тоғыз құмалақ» ойынының фольклорлық маңызы да өте зор. «Тоғыз құмалақ» ойыны—қазақ халқының көшпелі өмірімен, шаруашылығымен, тарихымен байланысты туған ойын. Оған дәлел ойынның аттары. Мысалы: «Тоғыз құмалақ» ойынындағы құмалақтардың жүрістерін «көшу» дейді де, құмалақтардың тұратын шұңқырларын «үй» дейді. Егер ойыншы құмалағы көп үйден жүрсе, онда «бай» көшті дейді. Егер ойынның аяғында ойыншының біреуінің жүрісі болмай қалса, онда оны «атсырады» дейді, былайша айтқанда, көшетін көлігі болмай қалды деген мағынада.

Мінеки бұл жағынан қарағанда, «Тоғыз құмалақ» ойынын халқымыздың тарихи өмірінің, салт-санасының айнасы деп есептеуге болады.

«Тоғыз құмалақ» ойынының қай уақытта және қандай жағдайда шыққаны туралы біздің қолымызда толық мәлімет жоқ, бірақ «Тоғыз құмалақ» ойынын зерттеу арқылы біз төмендегі қортындыға келеміз:

Жаз. Қойлар түскі ирімге жатқан мезгіл. Төбенің басында дем алып отырған қойшыларға ермек керек. Сол кезде олар жерден шұңқыр қазып, қасында жатқан құмалақты қолға алады. Міне осындай жағдайда, толқын арқылы дарияның түбінен меруерттей жарыққа шыққан ғой, дейміз.

Бұл ойынның қалай ойналатындығын және математикамен байланысын журналымыздың алдағы сандарында береміз.

### Ш. ЫБРАЕВ.

Техника ғылымдарының кандидаты.

## ҚОЛҒА ҮЙРЕТІЛГЕН ХАЮАНАТТАР

### 1.

Адамзат ерте заманда хаюанаттарды қолға үйрете білмеген, олардың күшін пайдаланып, сүтін іше алмаған. Тек бертін келе, көп уақыт өткеннен кейін, алғашқы жабайы адамдар тұңғыш рет хаюанаттар ішінен итті қолға үйрете бастаған. Сондықтан ит — адамзаттың бірінші досы деп аталады. Ит бұрын қасқыр тектес тағы жыртқыш хаюанаттың бірі болған. Мұнан кейін адамзат тағы қабан, шошқаларды қолға үйретті, бұдан кейін бертін келе жылқы, сыйыр, қой, ешкі және басқа хаюанаттарды қолға үйрете бастады.

Адамзат жер бетінде өмір сүре бастағаннан бері миллиондаған жылдар өтті. Сонан бергі осы көп уақыттың ішінде адамзат хаюанаттардың небәрі 60 түрін ғана қолға үйретіп үлгірді. Ал, жер бетінде қолға әлі үйренбеген хаюанаттар түрі бір миллионға жуық.

Совет өкметі тұсында, соңғы 30 жыл ішінде біздің совет оқымыстылары тағы хаюанаттарды қолға үйрету жөнінде маңызды жұмыстар істеді. Олар осы күнгі бар хаюанаттарды қолға үйретумен қоса, оларды өзара будандастырып, хаюанаттың жаңа, пайдалы түрін өсіру ісін де игерді. Бұл үшін олар Дарвин мен Мичуриннің озат ғылымдарын кең пайдаланды, колхоз, совхоз фермаларында көптеген тәжірибелер өткізді. Бұл тәжірибелер мен ғылымдар хаюанаттар тұқымын асылдандыру жөнінде, біздің көптеген жаңа табыстарға жете беретіндігіміздің айғағы болды.

### 2.

Москва ипподромына бұл күні жұрт көп жыйналды. Ипподромда айқай-шу, көтеріңкі дауыс естіледі. Халық қол шапалақтап қошемет көрсетеді.

Дәл осы заматта, трибуна жанынан бір ат көз ілестірмей зу өте шықты. Бұл — жарыста басқа аттардан озып келген орлов тұқымы «Улов» деген ат еді. Бұл жолы ол да дүние жүзілік рекорд жасады. Оның шапшаңдығына Европа елдерінің жүйріктері де әлі жете алған жоқ.

Орлов арғымағы жылқының аса бағалы түрі екенін, өткен ғасырдың өзінде-ақ орыстың атақты жылқы өсірушісі В. И. Шишкин білген болатын.

Монголияның қыйыр шеттерінде осы күннің өзінде де тағы жылқы бар. Бұл бүкіл дүние жүзінде әзірге қалып тұрған тағы жылқының бір ғана түрі. Олар осы күнгі байырғы жылқы: арғымақтарға, қарабайырлар-

ға, шомбалдарға, мәстектерге жөнді ұқсамайды.

### 3.

Қыс. Қарлы боран түтеп соғып тұр. Ақ қар, көк мұз тау басын тегіс жапқан. Үстірт ойлаған адам, бұл арада ешбір хаюанат өмір сүре алмас деп ойлар еді. Шынында олай емес. Қылшылдаған аяз бен түтеген борандарға бой бермей, осында арқар асыр салып жүреді. Оған қыстың қаһары бұйым емес.



Қазақстан оқымыстысы Бутарин қойдың арқар сыяқты, суыққа төзімді түрін тапты. Оның ойынша қойдың бұл жаңа түрі де, тағы арқар сыяқты аяздар мен борандарда тау арасында емін-еркін өседі. Оқымысты бұл жөнінде көп жыл еңбек етті. Ақырында ол арқар мен қойды будандастырып арқар-қой атты қойдың жаңа түрін тапты. Мұның мал шаруашылығын өркендетуде маңызы аса зор болды. Ол суыққа төзімді, таулы жерге бейім болумен бірге, жүндес те болады. Мал шаруашылығын өркендетудегі осы еңбегі үшін оқымыстының омырауына орден тағылды.

### 4.

Қолға үйренген кептердің ұшқанын бақылау өте қызық. Олардың бірі шүйіліп түсіп, қайта аспандайды, ал екіншісі қуйрығымен қонады, үшіншісі қанатымен қалықтайды.

Кептер қонақтап отырғанда, байыппен қараған адам, олардың әр түрлі екенін байқайды. Дұрысында кептердің өзінің 150 ден астам түрі бар. Олардың барлығы да Жерорта теңізі, Қара теңіз және Атлант мұхитының Европалық жағаларында өмір сүретін тағы кептерлерден қолға үйретіліп алынған.

Бұл айтылғандарға қарағанда, адам баласы тағы хаюанаттарды қолға біртіндеп үйретіп келеді және келешекте де үйрете бермек. Сонымен бірге адамдар хаюанаттарды қолға тек үйретіп қана қоймайды, оларды будандастырып, жаңа асыл тұқымдар жасайды. Бұл жөнінде Дарвин және Мичурин ғылымдары сара жол ашып берген.

М. ЗВЕРЕВ.



**КІТАПТЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК**

«Мен кітаптан көп жақсылық көрдім. Менің осынша дәрежеге жетуім-кітаптың арқасы. Әр кітап маған керемет қызық көрінуші еді», — деп жазған болатын ұлы жазушы А. М. Горький.

Максим Горький совет балаларына кітапты жақсы көріңдер, ол өміріңе көп жеңілдік келтіреді, басқаны және өзінді хұрметтеуге үйретеді, ой-өрісіңді кеңейтеді, дүниеге және адамға сүйіспеншілікпен қарау сезіміне бөлейді деп түсіндірді.

Кітаптың қадірін білген қазақтың ұлы ақыны Абай:

«Талап қыл артық білуге,  
Артық ғылым кітаптан  
Брінбей оқып көруге»,

деп балаларға өсиет қалдырды. Абай жас шағынан кітапшіл болған. Ол, әсіресе, ұлы орыс халқының атақты ақын-жазушылары — Пушкиннің, Лермонтовтың және басқаларының шығармаларын Семейдің кітапханасына барып оқып жүрген.

Кітап — ой еңбегінің күшті құралы. Қандай білім болса да, кітаптан табылады. Сондықтан кітапшіл болу — жақсы қасиет. Бірақ, бұдан көрінген кітаптың бәрін талғамай оқып беру керек деген ұғым пұмайды, оның бәрін оқып үлгіру мүмкін де емес. Тек пайдалы, керекті кітаптарды сұрыптап оқу керек. Оқығанда байсалды, зейін салып оқу хажет. Асығыс, үстірт қарап оқудан еш пайда жоқ. Кітапты бір рет қана оқып, түсіне қою қыйын, кейде оны қайталап оқуға тура келеді.

Егер түсініксіз жеке сөздер кездесе, оны жазып ал. Кейбір сөйлемдердің мағынасына түсіну қыйын болса, білетіндерден сұрап ал. Бірақ, түсінбей тұрғаныңды үнемі біреуден сұрап біле салуға әдеттену жақсы емес, тек басқа мүмкіншілік болмай қалғанда ғана сұрап алу керек.

Бір оқушы орыс тілі сабағының тапсырмасын орындап отырғанда «расстаться» деген сөзде неше «с» әрпі жазылатынын білмей қалып, әжесінен сұрапты. Әжесі біле тұра әдейі: «Сөздіктен қарап, өзін біліп

ал», — депті. Бұл баланың әжесі дұрыс істеген.

Екінші бір оқушы үйге тапсырылған есепті шығара алмай көп ойлапты. Жақындарының бірі шығарып берейін десе, оған көнбеді. Ақыры есептің шешуін көп ойлапты өзі тапты. Жұмысты өздігінен істей білу деп осыны айтамыз.

Кітапты бірлесіп оқу да өте пайдалы. Өйткені, кітапты 4-5 оқушы бірлесіп оқыпты болса, бір-біріне өзара көмектесіп, біріншің білмегенін бірі айтып береді. Біріне-бірі сұрақ қойып, мәселенің жайын жете түсініп алады.

Қандай кітапты болса да, шаршамаған тың кезде оқу керек. Көбінесе ұйқы қанып тұрғаннан кейін, төңертеңгілік уақытта, я болмаса күндіз бір мезгіл тынығып алып, кешкілік уақытта оқыған дұрыс.

Мынаны да ескеру керек: кітап оқығанда шамадан тыс көп сарылып отыру жарамайды. Қандай жұмыс болса да жошпармен, мөлшермен істелсе жемісті болады. Сабақ қарайтын, кітап оқыпты, ойнайтын, тынығатын уақыттың белгілі қатан тәртібі болуға тиіс.

Қорығып айтқанда, кітапты оқып білу керек. Бұл үшін мынадай шарттарды ескеру хажет:

1. Ең жақсы, ең керекті кітапты таңдай біл.

2. Кітап оқығанда асықпай, мағынасына түсіне оқы. Елшәрсеге алаңдамай, «ішіннен» оқы,

3. Кітаптан ерекше көңіл аударатын, өмірде керек болатын нақыл сөздер, мысалдар кездесе, оны да жазып ал.

4. Кітаптың ішінде жазылғандардың маңызды жерін айыра біл, ең негізгі мәселелер мен оқығаларға көбірек көңіл аудар.

5. Кітапшіл бол, көп оқы. Кітапты күтіп ұстап, қадірлей біл. Ұлы адамдардың бәрі де кітаптың досы болды. Олар білімді кітаптан тапты.


**Х. БЕКХОЖИН,**

Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің оқытушысы.

**КРОССВОРД**

Көлденең оқығанда

1. Турксиб темір жолындағы станция. 4. Кеңсе құралы. 6. XVIII-ғасырдағы қазақ ақыны. 7. Ғасыр бөлшегі. 8. Әскери салтанат. 9. Ертеде соғыста қолданатын құрал. 11. Географиялық ұғым. 12. Әйелдер әшекейі. 14. Қырағылық. 15. Украинадағы хаюанаттар паркі. 17. Қазақстанның оңтүстігіндегі ескі қала. 19. Москвадағы қатнас жолы. 22. Балтық жағалауындағы қала. 24. Қазақ есімі. 26. Үй ішінде киетін киім. 27. Әскери бөлімше. 28. Асыл тас. 29. Өзбек ақыны. 30. Ескі Римдегі өкімет. 32. Қазақ жазушысы. 34. С. Мұқановтың «Есіл» атты романының бір кейіпкері. 37. Кавказдағы қала. 38. Жақсы ит. 40. Ат тұрманы. 41. Қазақтың XIX ғасырдағы композитор-ақыны. 43. Амандасудың ескі түрі. 45. Ақылсананың арнасы. 46. Ыдыс. 48. Су жәндігі. 49. «Жұмбақ жалау» романының бір кейіпкері. 50. Ертедегі мәдениетті ел. 51. ССР Одағындағы Одақтас республикалардың бірі.



Тік оқығанда

1. Үлкенге айтылатын сөз. 2. Құш иесі. 3. Ыдыстың бір бөлігі. 5. Кеңсе құралы. 6. Ауыл шаруашылығындағы мәдени егіс. 7. Жеміс. 10. Көрегендік бейнесі. 11. Тыныс белгісі. 13. Балалар ойыны. 14. Білім қоймасы. 16. Сусын. 18. Ғ. Мустафиннің кітабы. 20. Жаратылыстың бір көрінісі. 21. РСФСРдағы автономиялы облыс. 22. Бүтіндік. 23. Заман өлшемі. 24. Шаруашылыққа қажетті нәрсе. 25. Көздің бір бөлігі. 30. Тірі дененің қасиеті. 31. Жеміс. 33. Қазақ күйінің аты. 35. Өзен бойында өсетін ағаш. 36. Москвадағы алаң. 38. Грек мифологиясындағы қаһарман. 39. Даналық сөз. 42. Өсімдік. 44. Ертедегі зұлымдық бейнесі. 47. Су жәндігі.

Құрастырған С. ЖИРЕНШИН.

ЕКІ ЖЫЙНАК

Жазушы С. Бегалиннің «Төлбасылар» жыйнағын балалар қуанышпен қарсы алған еді.

Жазушы Сапарғали Бегалиннің 1948 жылы Қазақтың Мемлекеттік Оқу Құралдары Баспасы басып шығарған «Көксегеннің көргендері» атты екінші кітабы оқушылардың авторға деген сүйіспеншілігін тағы да арттыра түсті.

Бегалиннің жазып жүрген тақырыбы шаруашылығы мен мәдениеті қарыштап өскен колхозды ауыл балаларының өмірі. Автордың бұл екі кітабында да оқушы саналы колхоз балаларын көреді, солардың тамаша боп өсіп келе жатқандығын біледі. «Төлбасылардағы» Сәтжандай Көксеген де колхозшының баласы. Жазғы каникул кезінде Көксеген Өтеш, Зарқұмар, Оралтай сияқты бірнеше жолдастарымен колхозшы ата-аналарына болысады. Колхоздың тау бөктері сияқты машина жүре алмайтын жердегі шөптерін бұлар шалғы орақпен шауып береді. Совет адамдарының артықша қасиеттерінің бірі — қоғамшылдық, коллектившілдік. Осы тұрғыдан қарағанда, балалардың ұйымдасып, колхозға шөп шауып берулері — жақсы өнеге, тамаша адамгершілік.

Өнегелі колхоз баласы Көксеген колхозға шөп шауып берумен ғана тынбайды. Алтайдан арқырап аққан асау өзендердің біріне, колхоздың егінді ысырапсыз жыйып алуы үшін, көпір салысады. Бір жағадан ол екінші жағаға тасып жатқан су арқылы бөрене тасыйды. Су ағынымен алысып, бөренені екінші жағаға жеткізіп, бөренеге байланған арқанды жағадатылардың біріне беріп, Көксеген енді кейін қайтақ болғанда, аты үйірімге түсіп кетеді. Көксеген қарғып жағаға шығады. Жанталасқан аттың тізгіні аяғына оралып, өзен атты домалата жөнеледі. Осы кезде Көксеген суға қарғып түсіп, атқа жетіп Мәкеш деген колхозшы жігіт екеуі аттың басындағы жүгенді сыпырады. Ат аман қалады. Бұл жерде жазушы колхоз баласының қоғамдық мүлікке көзқарасын шебер көрсеткен.

«Көксегеннің көргендері» дейтін әңгіменің қысқаша мазмұны осындай. Тақырыбы жақсы, тілі жатық бұл шығарма балалардың сүйіп оқытын шығармасы екені даусыз. С. Бегалиннің «Төлбасылар», «Көксегеннің көргендері» деген бұл екі кітабы да оқушыларды еңбекке, қоғам мүлкін көздің қарашығындай қорғап, сак-



тауға тәрбиелейді. Алайда біздің авторға қоятын екі кінәміз бар.

«Төлбасылар» жыйнағындағы Сәтжан мен Ғабдол да, Көксеген де ылғи демалыс кезінде суреттеледі. Олардың оқуды қалай оқийтыны, оқуды меңгеру жөнінде олардың қандай қиыншылықтарды жеңгендіктері, колхоз балаларының білім үшін күресі көрсетілмейді. С. Бегалин әңгімелерінің желісі бойынша колхоз балалары тек дене еңбегімен ғана ерекше шұғылданып өсуі тиіс сияқты. Бізше колхоз баласы дене еңбегінде қандай үздік болса, ой еңбегінде де сондай болып өсуі тиіс. Қоммунистік қоғамда дене еңбегі мен ой еңбегінің арасында қайшылық болмауы тиіс болса, автор бұл мәселені қатты ескеруі керек. Бұл бір.

Екінші сөз — автор Сәтжанды да, Көксегенді де аң құмар етіп көрсетеді. Олардың екеуінің де аң десе аузының суы құрып тұрады. Бірінші кітаптағы 8 тараудан құралған «Сәтжан» әңгімесінің дәл 7 тарауында Сәтжанның аңшылығы туралы айтылатын еді. Сол сияқты 6 тараулы Көксеген туралы әңгіменің де 4 тарауы аңшылыққа арналған. Бұл суретшінің қолында әртүсті бояуы жоқтығынан бар болған бір түсті бояуын жасап жатқан картинасының өн-бойына жаға бергені сияқты болып шығады. Колхоз балалары аңшылықты арман етпейді, инженер, ғалым, ұшқыш болуды арман етеді. Соған тырысады.

Автордың бұдан былайғы шығармаларында бұл кемшіліктерді қайталамауына тілектеспіз.

Ә. НҮРШАИХОВ.

МАЗМҰНЫ

	Бет
Ғ. Орманов — Ана көркі (өлең).	1
С. Сарғасқасев — Сын (әңгіме).	2
Қ. Уябаев — Бұл да сабақ (өлең).	4
Отанымызды гүл-бақшаға бөлейік!	5
П. Аркадьев — Пионер гектары.	6
Т. Төгісов — Ақынның балалық шағы	8
А. С. Пушкин — Полтава (поэмадан үзінді)	9
А. С. Пушкин — Аңғар.	10
Ленин — Сталин комсомолының XI—съезі	11
А. Қаламбеков — География.	12
Н. Баймуратов — Асауға тусау (өлең)	13
Н. Анов, Қ. Жармағамбетов — «Ағаш аяқ» (әңгіме. Соңы)	14
С. Бақбергенов — «Ұстаздық еткен жалықпас...»	16
Ж. Ахметов — Бақыт (өлең).	16
Н. В. Шахворостова — Звено және отряд вожатыларының оқуын қалай ұйымдастыру керек.	17
Біздің почта.	18
Жас агроном	20
Білгім келеді	21
Ш. Ыбраев — Қызық ойын.	22
М. Зверев — Қолға үйретілген ханюанаттар	22
Х. Бекхожин — Кітапты қалай пайдалану керек	23
Ойлап тап	23
Ә. Нұршаихов — Екі жыйнақ.	24



Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған К. Баранов.

Редколлегия мүшелері:

Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.

Тех. редактор М. Н. Юровский.

Редакцияның адресі:  
г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.  
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 31/III-1949 г. УГ02340  
Объем 3 п. л. Тираж 10.000

Гостипография № 3 Управления Полиграфии и Издательств при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата. Зак. 246



Я. М. СВЕРДЛОВ  
(Қайтыс болғанына  
30 жыл)

Яков Михайлович Свердлов 1885 жылы 4-июнь күні Горький қаласында (бұрынғы Нижний-Новгород) мөр жасаушы қол өнершінің семьясында туған.

Свердлов 17 жасынан революциялық жұмысқа біржола беріледі. Ол, Нижний-Новгородта, Қазанда, Саратовта, Костромада революциялық қозғалысты өрістетеді. Бүкіл Еділ бойында большевиктер партиясының комитеттерін ұйымдастырып, өзінің асқан қаблетін жолдастарына көрсете білді.

Свердлов осы кезден бастап В. И. Лениннің бағытын қолдайды, өмірінің ақырына дейін лениншіл болып өтеді.

1905 жылы партиямыздың Орталық Комитеті жігерлі революционер Свердловты Оралға өкіл етіп жібереді. Ол Орал жұмысшыларының ара-

сында жалынды үгіт жүргізеді, оларды патшаға қарсы күреске шақырады. 1917 жылғы февраль революциясына дейін Свердлов 7 рет тұтқында, айдауда болады.

Свердлов 1917 жылы большевиктер партиясының Апрель конференциясында Орталық Комитеттің мүшелігіне сайланады. Бұл кезде ол партияның басты ұйымдастырушысының бірі болды, Октябрь революциясын әзірлеуде бағалы еңбек сіңірді. Октябрь революциясынан кейін Свердлов Бүкілодақтық Орталық Аткару Комитетінің (қазіргі ССРО Жоғарғы Советі Президиумының) председателі болып қызмет істеді. Адамзат тарихындағы тұңғыш Совет мемлекетін құруда Свердловтың еңбегі ерекше.

«Я. М. Свердлов жаңа Россияны құрудың бұл ұйымдастыру міндетін шебер және ақаусыз шеше білгендердің, тіпті біріншісі болмаса да, біріншілерінің бірі болды». (Сталин).

Свердлов 1919 жылы 19 март күні қайтыс болды.

Я. М. Свердлов бейнесі — біздің жас ұрпақтарымыздың алдында халыққа жан-тәнімен қызмет етудің үлгісі.



А. С. ПОПОВ  
(Туғанына  
90 жыл)

Орыс халқының дауышпан ұлдарының бірі Александр Степанович Попов 1859 жылы Орал бойында туған. Ол 23 жасында Петербург (қазіргі Ленинград) университетін бітіріп, сол университеттің өзінде қалды да, физика пәнінің профессоры атағын алуға әзірленді.

А. С. Попов жас кезінің өзінде-ақ электр магниті толқынын зерттеумен шұғылданды. Бұрын көптеген оқымыстылар бұл толқынды зерттегенімен, олардың ешқайсысы да бұл толқынды адам игілігіне пайдалану қортындысына жете алмаған.

Осы электр магниті толқынын байланыс құралына айналдыруды бірінші тапқан А. С. Попов болды. 1895 жылы 7-май күні Попов Петербург университетінің залында, орыс физика-химия қоғамының мәжлісінде өзі ойлап тапқан ерекше аспабын көрсетті. Ол осы аспап арқылы электр магниті сигналдарын қабылдап және оған сигналмен жауап қайыра білді. Бұл дүние жүзінде тұңғыш шыққан сымсыз аспап хабар бере алатындығын дәлелдейді.

А. С. Попов арада жарты жыл өткен соң нағыз радио байланысын орнатты. Ол 200 метрлік жерден радио сигналмен екі сөзді хабарлайды. Сөйтіп, Россия—дүние жүзінде радионы тұңғыш тапқан ел болды.

Бірақ, патша өкметінің кертартпалығы мен топастығы салдарынан Россияда радио кең өріс алмады.

Осы жағдайды пайдаланып, итальян Маркони тек 1896 жылы июньде Поповтың радио қабылдағышына ұқсас аспап құрастырып, радионы табуды өзі иемденбекші болды. Бірақ шындық жеңді. Радионы тұңғыш тапқан Попов екендігі әлем алдында дәлелденді. Шетелдің жылпостары Поповқа көп ақша ұсынып, өз елдеріне қызметке шақырды. Бірақ орыс халқының намысын берік қорғаған Попов: «Менің табысым — Отанымдікі», деді.

А. С. Попов 1906 жылы қайтыс болды.

А. С. Поповтың ғылыми ерлігі Совет халқының есінде мәңгі сақталынбақ.

Украин халқының ұлы ақыны, суретші және революционер Тарас Григорьевич Шевченко Киев губерниясы Звенигород уезіндегі Моринцы селосында 1814 жылы 9-март күні басыбайлы шаруа семьясында туды. Шевченко крепостнойлық правоның барлық сұрқыялығын басынан өткізді. 11 жасынан бастап ол кісі есігінде бейнетке малтығады. Тарас кішкентай күнінен-ақ сурет салуға әуестенеді. 25 жасында Шевченконы атақты суретші Брюллов пен ақын Жуковский 2500 сомға қожасынан сатып алады, құлдықтан босатады.

1845 жылы Тарас суретшілер Академиясын бітіреді, Киев қаласына келген соң саяси жасырын қоғамның жұмысына қатысады. Ол осы жылдардан бастап халықтың аянышты, бақытсыз халін суреттейтін өлеңдер жаза бастайды.

Революциялық өлеңдер жазғаны үшін ол, 1847 жылы 10 жылға жер аударылады. Қазақстанның батысында айдаудағы қатарлы солдат болып қызмет істейді. Патша үкметі оған өлең жазуға да, сурет салуға да тыйым жасады.

Ол шығармаларын жасырын жазды. Айдауда көрген ауыр азабы оның жігерін мұқалтпады: ол тынысы-

### Т. Г. ШЕВЧЕНКО


(Туғанына  
135 жыл)



ның ақырына дейін революционер ақын болып өтті. Тарас халықтың правосыздығын, мұқтаждығын «Кавказ», «Патшалар», «Гайдамактар» деген шығармаларында шебер суреттей білді. Өзінің «Түс» деген поэмасында патшаны, оның итаршы жетдеттерін, жалпы патшаның қатал заманын өршіген өшпенділікпен әшкереледі.

Тарас 1861 жылы Петербургте қайтыс болды.

Патша тұсында Тарастың саяси шығармалар жыйнағы «Қобзарь» жарыққа шығарылмады. Жаңа өмір ғана жаңарған украинаның ұлы ақынын бүкіл Одаққа тапты, сүйікті етті.




Суретін салған В. НЕСТЕРОВ



— Ектім ағаш, екі-ақ күнде  
Бүрлейді, өсіп тамыр жайып.  
Екпе ағаш-елдің көркі,  
Гүлденеді бақшам байып.

— Өзім ектім, өз атымды  
Ағашыма жазам жонып.  
Көрсін, білсін бар қалайық,  
Қалсын атым аңыз болып!



Ойды өз атын жас ағашқа  
Жас бақшашы мақтан етіп.  
Опырылып түсті ағашы,  
Үлгімеді үйге кетіп,

Зая кетіп еткен еңбек,  
Аңыз да боп қала алмады.  
Көрді, білді бұл еңерім  
Оның жас дос-жарандары.